



АҚШ – ЭКОНОМИКАДАҒЫ ІРІ ИНВЕСТОР

Мемлекет басшысы АҚШ-тың Сауда өкілі Кэтрин Тайды қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кэтрин Тайдың сапары Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы отыз жылда екі ел сауда, инвестиция, қауіпсіздік, адам құқықтары және демократия секілді көптеген салада стратегиялық серіктестікті нығайтты.

– Сіздің еліңіз – Қазақстан экономикасындағы ірі шетелдік инвесторлардың бірі. Тікелей шетелдік инвестицияның жалпы көлемі 65 миллиард доллардан асады. Былтыр екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 4,1 миллиард долларға жетіп, 30 пайыздық өсім көрсетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазір Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Мен инвес-

тициялық тартымдылықты жақсартуға, экономиканы ырықтандыруға және өнеркәсіпті дамытуға баса мән беремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АҚШ-тың Сауда өкілі Кэтрин Тай құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ сауда байланыстарын дамытуға және экономикалық ықпалдастықты нығайту үшін қажетті жағдай жасауға, соның ішінде Сауда және инвестициялар жөніндегі негізделмелік келісімді жүзеге асыруға қатысты жаңа тәсілдерді бетпе-бет талқылауға мүмкіндік бергеніне ризашылығын білдірді.

АЙМАҚТЫ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына облыстың биылғы қаңтар-мамыр айларындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы баяндалды.

Жалпы, өңірлік өнім көлемі 5 триллион теңгеге жеткен облыс еліміз бойынша бесінші орында тұр. Қаңтар-мамыр айларындағы қысқамерзімді экономикалық көрсеткіш 107,9 пайызды құрады. Өнеркәсіптің жалпы көлемі жөнінен өңдеу өнеркәсібі (88,5%) жетекші орынға ие.

Қ а с ы м - Ж о м а р т Тоқаевқа облыс аумағында 7 индустриялық аймақ құрылып жатқаны жөнінде баяндалды. Өңірдің 2030 жылға дейінгі инвестициялық портфеліне жалпы құны 3,7 триллион теңге болатын 207 жоба енген. Биыл сомасы 446,7 миллиард теңге болатын 58 жоба жүзеге асырылып, 5,3 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ. Сонымен қатар Мемлекет басшысына шағын және орта бизнестің дамуы жөнінде мәлімет берілді. Әкімнің айтуын-



ша, 2024 жылдың басындағы дерекке сәйкес, өңірде 136,7 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бұл былтырғы көрсеткіштен 6,3 пайызға көп.

Бұдан бөлек, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 53 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылған. Оның 46-сына тиісті қаржылай қолдау көрсетілген.

Бұған қоса, Президентке Алматы облысында жүргізілген «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының алғашқы бес аптасының қорытындысы таныстырылды. Облыс тұрғындары қоғамдық

орындарды абаттандыру және жаппай ағаш отырғызу ісіне белсенді атсалысқан.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» бастамасы экологиялық мәдениетті қалыптастыратын маңызды қадам екенін атап өтіп, облыс әкіміне аталған жұмысты тұрақты түрде жүргізуді тапсырды.

Кездесу соңында К.Тоқаев облыстың стратегиялық даму жоспарын орындауға бағытталған жұмыстарды жалғастыруды, сондай-ақ Alatau City жобасын жүзеге асыру үшін әлеуетті инвесторлармен қарым-қатынасты жандандыруды тапсырды.



ПРЕЗИДЕНТ АСХАТ ЖҰМАҒАЛИДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке жемқорлыққа қарсы күресу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы баяндалды. Агенттік төрағасының мәліметі бойынша, жыл басынан бері елімізде 947 жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеліп, 660 адам әшкереленді. Оның 104-і – әртүрлі деңгейдегі басшылар. Тергеу амалдары аяқталған қылмыстық істер аясында 193,5 миллиард теңге өтелді. Жалпы, 2022 жылдан бері мемлекетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 1,03 триллион теңге көлемінде мүлктік активтер мен қаржы қайтарылды.

Биыл білім, ғылым, спорт, дәрі-дәрмек сатып алу, құрылыс, жер телімдерін бөлу салаларына жүргізілген талдау және мониторинг жұмыстарының қорытындысы бойынша 113 есеп әзірленді. Мемлекеттік органдарға жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған мыңнан астам ұсыныс берілді.

Алдын алу шаралары аясында, соның ішінде «Бірыңғай сатып алу терезесі» порталына мониторинг жүргізу арқылы 31 миллиард теңгеден астам бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына жол берілмеді. «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру кезінде 7,5 мыңға жуық кәсіпкердің құқығы қорғалып, 67 түйткілді кейс шешімін тапты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына жыл басынан бері Қатар, Гонконг, Әзербайжан және Ресей Федерациясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарымен ынтымақтастық туралы 4 меморандумға қол қойылғаны жайында мәлімет берілді. Аталған құжаттар құқықтық көмек көрсету, активтерді қайтару, адамдарды іздестіру, бюджет қаражатының мақсатты жұмсалыуына және сатып алу үдерісіне мониторинг жүргізу мәселелері бойынша серіктестікті нығайтуға бағытталған.



ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістанның Гандинагар қаласында өткен халықаралық жарыста әлем чемпионы атанған Қазыбек Нөгербекке құттықтау жеделхатын жолдады.

– Ел намысын қорғап, үздік шахматшы ретінде гроссмейстер дәрежесін иеленіп, жеңімпаз атану – зор жетістік. Ұлтымыздың абыройын асқақтататын өзін сияқты алғыр да ақылды ұрпақтың өсіп келе жатқаны қуантады. Алдағы уақытта да жарқын жеңістерге және арман-мақсаттарыңа жете беруіңе тілектеспін, – делінген жеделхатта.

«Таза Қазақстан»:

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК –
САЛАУАТТЫ ҰЛТ КЕПІЛІ



Бір аптадан аз уақыт аралығында «AMANAT» партиясының 2 мыңға жуық бөлсендісі мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері Астана–Алматы тасжолын қоқыстан тазартты. Экологиялық Road-эстафетасы Президенттің «Таза Қазақстан» жалпұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылған аса ауқымды шара болды.



Астанадан аттанған еріктілер бір аптада Қонаев қаласына жетті. Эстафетаға қатысушылар

100 тоннадан астам қоқыс жинаған. Бұл тек күре жол бойынан, жол жиегінен, автотұрақтар жә-

не кемпингтер аумағынан жиналған қалдықтар болып отыр.

Тазалық жұмысы квадрокоптерлерді пайдалана отырып, әуелен барлау деректері негізінде жүргізілді. Эко-керуен Ақмола, Қарағанды, Жамбыл және Алматы облыстарын қамтыды. Іс-шараға 4 өңірдің командалары қатысты. Олардың құрамына Мәжіліс және мәслихат депутаттары да кірді. Партияның Road-эстафетасына өңір әкімдері, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, «Жасыл даму» АҚ және «КазАвтоЖол» ҰК АҚ қолдау көрсеткенін айтқан абзал.



ҮКІМЕТ пен ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕБІН ҚАРАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарады.

Есептерді қарау барысында былтырғы жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілгені атап өтілді. Нақты айтқанда, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,3 пайызға ұлғайды. Жылдық инфляция деңгейіне қатысты да оң динамика тіркеліп отыр.

«Бүгін біз 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкіметтің есебін және Жоғары аудиторлық палатаның қорытындысын қарадық. Бұл — ел экономикасының дамуы үшін маңызды мәселе. Талқылау барысында сенаторлар фискалдық тәртіп, мемлекеттік борыш, экономиканың нақты секторын қолдау, инфрақұрылым және басқа да маңызды салаларға тоқталып, өзекті проблемаларды көтерді. Осы ретте Үкімет мүшелері бүгін айтылған барлық ұсынысқа мән беріп, оларды жұмыс барысында ескеруі аса маңызды», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар депутаттар экономика салаларындағы негізгі реформаларға назар аударды. Мәулен Әшімбаев өз сөзінде көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржылық, бюджет-салық және ақша-кредит саясатын тиімді үйлестіру, сондай-ақ осы бағытта барлық мүдделі тараптың жұмысты

жүйелі түрде жүргізуі міндетті шарт екенін айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында макроэкономикалық саясатты қайта жандандыруды тапсырды. Қазір Парламент қабырғасында жаңа Бюджет кодексінің жобасы талқыланып жатыр. Жаңа заңнамалар оның ішінде Салық кодексі мен «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң ел экономикасының үдемелі дамуының берік негізі болуға тиіс. Осы бағытта Сенат Үкіметке қажетті заңнамалық қолдау көрсетуге дайын», — деді Сенат Төрағасы.

Есептерді қарау кезінде Қаржы министрі Мәди Такиев, Ұлттық банктің Төрағасы Тимур Сүлейменов және Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы Әлихан Смайылов баяндама жасады. Отырысқа Премьер-Министрдің орынбасарлары, министрлер және агенттіктер мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Үкіметтің есебі мен Жоғары аудиторлық палатаның қорытындысын талқылау нәтижесінде сенаторлар Парламент палаталарының бірлескен отырысында аталған мәселені қарау кезінде Сенат атынан қосымша баяндама жасау үшін сенатор Бекболат Орынбековтің кандидатурасын бекітті.

ТРАНСФУЗИОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палатаның бір топ депутатымен бірге Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығына барды.

Қазіргі таңда бұл Орталық — қан қызметі бойынша еліміздегі жетекші медициналық ұйым. Аталған мекеме халыққа шұғыл және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде трансфузиялық терапияның қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді.

Мәулен Әшімбаев мекеме ұжымымен кездесуде Трансфузиология орталығы — Қазақстандағы қан қызметінің флагманы, ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің трансфузиялық терапияның қауіпсіздігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін маңызды тетігі екенін айтты.

Статистикаға сәйкес, соңғы бес жылда донорлар саны 14,4 пайызға, ал қан құю көрсеткіші 13,6 пайызға артқан. Жыл сайын 380 мыңнан астам қан құю жүргізіледі және 100 мыңға жуық пациент өмірлік маңызды донорлық қан өнімдерін алады.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы өз сөзінде Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласына үнемі баса мән беретінін айтты. Ел Президенті жүктеген міндеттерді іске асыру аясында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге және бұл бағыттағы өзекті мәселелерді шешуге арналған нақты шаралар қабылданып жатқаны белгілі.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен денсаулық сақтау саласында кешенді реформалар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Таяуда медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеру, олардың еңбек жағдайын жақсарту және құқықтарын қорғауды көздейтін тиісті заң қабылданды. Осындай нақты қадамдар Трансфузиология орталығының да қызметіне оң әсерін тигізеді деп сенеміз. Сенат өз тарапынан отандық медицинаны дамыту ісіне заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетуді жалғастыра береді. Адам денсаулығын сақтау жолындағы белсенді қызметтеріңіз үшін сіздерге зор алғысымызды білдіреміз», — дей келе, Мәулен Әшімбаев Орталық ұжымын келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтады.

ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫСТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Мәжіліске Малайзия Парламенті Сенаты Төрағасының міндетін атқарушы датук Нұр Джазлан бин Тан Шри Мохамед келді. Палата Спикері Ерлан Қошановпен кездесуде тараптар парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жайын талқылады.



Отырысты ашқан Ерлан Қошанов осы жылдың мамыр айында Малайзия Парламенті Сенатының Төрағасы Мутанг Тагалдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Мәжіліс Спикері екіжақты ынтымақтастық мәселелеріне тоқтала отырып, Малайзия Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар екі мемлекет басшылары — Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-Министр Ануар Ибрагимнің нәтижелі диалогінің арқасында елдеріміз арасында достық пен өзара сенімге негізделген берік әріптестік байланыс орнағанына мән берді.

— Биылғы мамырда Премьер-Министр Ануар Ибрагимнің Қазақстанға жасаған ресми сапарының шын мәнінде тарихи болғаны анық. Бұл екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашатынын Қасым-Жомарт Кемелұлы да өз сөзінде атап өтті. Біз көшбасшыларымыз салып берген осы сара жолды Парламент деңгейінде достас халықтарымыздың игілігі үшін одан әрі жалғастырамыз деп сенемін, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы меймандарға Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси реформалар туралы айтып берді. Сонымен қатар экономиканы дамытуға, қоғамдағы заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған барлық ауқымды өзгеріс тиісті заңдарды қабылдаудан басталатынына назар аударды.

Өз кезегінде Малайзия Парламенті Сенаты Төрағасының міндетін атқарушы қонақжай-

лық үшін алғысын білдіріп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформаларға қызығушылық танытты.

— Парламент мәртебесін көтеру — бұл Президенттеріңіздің өте маңызды қадамы. Өйткені ол қоғамдағы саяси мәдениеттің артуына ықпал етеді. Бүгін сіздердің Парламентіңізде көп партия бар екенін көріп отырмыз. Бізде де осындай жүйе қалыптасқан. Бұл елдеріміздегі демократиялық қағидаттар мен сайлаудың ашықтығын айқын көрсетеді, — деді Нұр Джазлан Мохамед.

Сенат басшысының міндетін атқарушы су тасқынына байланысты Қазақстан халқына қолдау білдірді. Ол Малайзияның су апаттарына қарсы күресте мол тәжірибесі бар екенін және оны Қазақстанмен бөлісуге дайын екенін мәлімдеді.

Кездесуде сауда-экономика, мәдени-гуманитарлық, білім беру салаларындағы ықпалдастық мәселелері қозғалды. Бұл ретте Нұр Джазлан Мохамед қазақстандық студенттерді Малайзия жоғары оқу орындарында оқыту үшін гранттар санын көбейту туралы бастама көтерді. Тараптар IT-технология, өзара инвестиция және туризм саласындағы ынтымақтастық перспективаларын, соның ішінде Астана мен Куала-Лумпур арасындағы тікелей әуе қатынасын арттыру мәселесін талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша спикерлер парламентшілер арасында заң шығару тәжірибесімен алмасуды күшейту және екі елдің парламенттік достық топтары бағыты бойынша ынтымақтастықты жандандыру туралы келісті.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢҒА ТҮЗЕТУЛЕРДІ БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАДЫ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға енгізілетін түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасына Парламент депутаттары бастамашы болды. Ол Мемлекет басшысының сот төрелігін атқару сапасын қамтамасыз ету және судьялардың кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатымен әзірленген.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров заң жобасының мақсаты сот жүйесін одан әрі дамыту екенін атап өтті. Ол үшін сот төрелігінің атқарылу сапасын, судьялар корпусының кәсіби біліктілігін, олардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыруға бағытталған құқықтық тетіктерді жетілдіру ұсынылады.

— Заң жобасына енгізілген түзетулерді 3 бағытқа бөлуге болады. Түзетулердің бірінші бағыты Сот жүйесінің жұмысын жетілдіруге арналған. Екінші бағыт аясында



сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі өзгереді. Үшінші бағыт судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан олардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға қатысты, — деді Сенат депутаты.

Атап айтқанда, судьяларға қатысты өрескел заңбұзушылық фактілері бойынша істі қарау кезінде Сот жюриімен материалдарды тексерудің жаңа тетігі енгізіледі. Бұл судьялар тарапынан заңбұзушылықтарды болдырмауға оң әсерін тигізетін болады. Олардың өздері сот жюриіне іс жіберілгенге

дейін барлық материалмен танысу мүмкіндігіне кепілдік алады.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашева қосымша баяндамасында Конституциялық заң жобасы бойынша алдағы жұмыста қаралатын мәселелерге тоқталды. Ол бүгінде депутаттар мен Парламент палаталарының комитеттерінен жаңа ұсыныстар түскенін атап өтті.

— Негізінен, депутаттардың түзетулері «зандылықты өрескел бұзу» ұғымын нақтылауға, материалдарды Сот жюриіне жолдау рәсіміне және судьяның сот ісін

қарау кезінде заң талаптарын өрескел бұзуына байланысты тәртіптік іс жүргізуді қарау ережесіне қатысты. Сондай-ақ Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамына отставкадағы судьяның мүше болуы, шалғай жерде орналасқан соттардағы бос лауазымдарды Сот төрелігі академиясын бітірген тұлғалармен толтыру және қазір жұмыс істеп жүрген судьяларға арналған әлеуметтік және материалдық кепілдіктер кіреді, — деді комитет басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының дербес кассациялық соттар құру туралы тапсырмасын

орындау үшін Жоғарғы Сот тиісті ұсыныстар дайындады.

Снежанна Имашеваның айтуынша, бұл ұсыныстың барлығы екінші оқылымға дейін қаралады.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Айнұр Арғынбекова да қосымша баяндама жасады.

Пікірталаста мәжілісмен Нұрсұлтан Байтілесов пен сенатор Мұрат Қадырбек сөз сөйлеп, қаралып жатқан заң жобасын қолдайтындарын айтты. Мәжіліс депутаты заңнамалық өзгерістер судьялар жұмысының сапасын арттыруға және олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасайтынын атап өтті.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады.

Бұдан бөлек, депутаттар Конституциялық заң жобасын екінші оқылымға дайындау жөніндегі Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамын бекітті. Оның құрамына сенаторлар арасынан Айнұр Арғынбекова, Нұрлан Бекназаров, Андрей Лукин, мәжілісмендер Снежанна Имашева (комиссия төрайымы болып сайланды), Абзал Құспан, Үнзила Шапақ кірді.

ПАЛАТААРАЛЫҚ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Астанада Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Палатааралық парламенттік комиссиясының отырысы өтті.

Отырыс алдында Мәжіліс Төрағасы Мемлекеттік Дума төрағасының бірінші орынбасары, Ресей тарапынан комиссияның тең төрағасы Александр Жуковты қабылдады. Кездесуде тараптар алдағы күн тәртібіндегі негізгі аспектілерді және екі ел парламенттері арасындағы ынтымақтастық аясын кеңейту жайын талқылады.

Парламентаралық комиссия жұмысын қайтадан бастау туралы шешім Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың Ресей Федерациясына ресми сапары барысында қабылданды. Астанада өткен отырысты ашқан палата Спикері Ресей Қазақстанның сенімді одақтасы және стратегиялық серіктесі екенін атап өтті.

— Жыл өткен сайын біздің қарым-қатынасымыз тек нығая түсуде. Бұған көшбасшыларымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Владимир Владимирович Путиннің арқасында қол жеткіздік. Мемлекеттер басшылары әріптестікті дамудың жаңа деңгейіне көтерді. Қазақстанда халықтарымыздың санғасырлық достығы ерекше бағаланады, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік жылдарында достық пен сенімді нығайтуға бағытталған берік шарттық база қалыптасқанын атап өтті. Сондай-ақ елдерімізді әлемдегі ең ұзын шекара байланыстыратынын айтып, былтыр өзара сауда көлемі айтарлықтай өскеніне, тауар айналымының шамамен 70 пайызы өңіраралық және шекара маңы саудасына тиесілі екеніне назар аударды. Оған екі елден мыңдаған компания мен миллиондаған адам тартылған.

— Екіжақты қатынасты дамытуда парламентаралық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Біз түрлі аяларда жиі кездесеміз, пікір алмасамыз. Біздің әр басқосуымыз жаңа идеялар мен бастамаларға толы. Көптеген өзекті мәселе бойынша әрдайым ортақ шешімге келетініміз қуантады. Бүгін ұзақ уақыттан кейін комиссиямыздың жұмысын қайта жандандырғанымыз — бірлесіп жұмыс істеуге ынтымақтығымыздың айғағы, — деді Ерлан Қошанов.

Мемлекеттік Дума төрағасының бірінші орынбасары Александр Жуков та өз сөзінде парла-



ментаралық ынтымақтастықтың әлеуеті зор екенін айтты.

— Елдеріміздің көшбасшылары парламенттер алдында сауда-экономика, инвестиция саласындағы, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту міндетін қойды. Біз президенттеріміздің уағдаластықтарының іске асырылуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуіміз қажет. Парламенттік өлшемдегі өзара іс-әрекеттің тиімділігін арттыру, азаматтарымызды толғандыратын мәселелерді шешу де өте маңызды, — деді Мемлекеттік Дума төрағасының орынбасары.

Сонымен қатар Павел Казанцев пен Виктор Селиверстовтың

басшылығымен екі ел арасындағы парламенттік достық топтары жұмысының белсенділігі мен тиімділігі аталып өтті. Мәжіліс Спикері олардың үйлесімді жұмысының нәтижесі ретінде Ресей мен Қазақстан шекарасындағы қазақстандық жүк тасымалдаушылардың мәселесі шешілгенін айтты. Екіжақты ықпалдастықтың барлық өзекті мәселесі Палатааралық парламенттік комиссиясы отырысының күн тәртібіне енді.

— Бүгінгі комиссия отырысының мақсаты — парламентаралық байланысты арттыру мен нығайту. Қазақстанның депутаттық корпусымен жақсы таныспыз, үнемі кездесіп, барлық мәселе бойынша бейнеконференциялар өткізіп

отырамыз. Бүгінгі күн тәртібі де өте маңызды. Осы жиында айтылғандардың бәрі жақын арада нақты жүзеге асатынына сенімдімін, — деді Мемлекеттік Думаның Бюджет және салық комитетінің мүшесі Виктор Селиверстов.

Отырыс барысында депутаттар цифрлық құқық және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру, климаттық заңнама, волонтерлік қызметті реттеу салаларындағы заң шығару ісі бойынша тәжірибе алмасты. Сондай-ақ энергетика, көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық мәселелері, оның ішінде Қазақстан тасымалдаушыларының Ресей-Беларусь шекарасындағы өткелдерден өтуіндегі кедергілерді алып тастау, Қазақстан мен Ресей қалалары арасындағы өңіраралық қатынастарды дамыту жайы да көтерілді.

Сондай-ақ күн тәртібіне қоршаған ортаны, трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану саласындағы ынтымақтастық, екіжақты тауар айналымы көлемін ұлғайту мен өзара саудадағы кедергілерді жою және басқа да мәселелер кірді.

Отырыс Мәжілістің вице-спикері Альберт Рау мен Мемлекеттік Дума төрағасының орынбасары Александр Жуковтың төрағалығымен өтті. Комиссия жұмысына Қазақстан тарапынан вице-министрлер мен жауапты мемлекеттік құрылымдар басшылары қатысты. Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар күн тәртібіндегі әр тармақ бойынша мемлекеттік органдарға ұсынымдар әзірлеп, шешімдер шығарды.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – САЛАУАТТЫ ҰЛТ КЕПІЛІ

Бір аптадан аз уақыт аралығында «AMANAT» партиясының 2 мыңға жуық белсендісі мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері Астана–Алматы тасжолын қоқыстан тазартты. Экологиялық Road-эстафетасы Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылған аса ауқымды шара болды.

Астанадан аттанған ерік-тілер бір аптада Қонаев қаласына жетті. Эстафетаға қатысушылар 100 тоннадан астам қоқыс жинаған. Бұл тек күре жол бойынан, жол жиегінен, автотұрақтар және кемпингтер аумағынан жиналған қалдықтар болып отыр.

Тазалық жұмысы квадрокоптерлерді пайдалана отырып, әуеден барлау деректері негізінде жүргізілді. Эко-керуен Акмола, Қарағанды, Жамбыл және Алматы облыстарын қамтыды. Іс-шараға 4 өңірдің командалары қатысты. Олардың құрамына Мәжіліс және мәслихат депутаттары да кірді. Партияның Road-эстафетасына өңір әкімдері, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, «Жасыл даму» АҚ және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ қолдау көрсеткенін айтқан абзал.

«Партияның жастар қанаты әрқашан экологиялық мәселелерді шешумен айналысып келеді. Осы орайда Road-эстафета – бұл жүйелі жұмыстың маңызды тетігінің бірі. Апта бойы партияластар, белсенді жастар, экологияға бейжай қарай алмайтын азаматтар біздің акцияға белсене қатысты. Отандастарымыз айналамыздағы тазалық пен тәртіп маңызды мәселе екенін жақсы түсінеді. Осы аптада біз күре жолдың бойынан 100 тоннаға жуық қоқыс жинадық. Бұл негізі қуанатын дүние емес. Себебі қоқыстың бәрін адамдардың өздері тастаған. Сондықтан біздің акциямыз қалдықтарды кәдеге жаратуға ғана емес, негізінен азаматтарымыздың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуге, жана экологиялық мәдениет пен мінезқұлық қалыптастыруға бағытталған», – деді «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова.

Қоқыс тазалаудан бөлек, Road-эстафетаға қатысушылар ірі елді мекендерде жастар қауымымен жүздесіп, азаматтармен қоғамдық қабылдау

өткізді. Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері тұрғындармен кездесті. Айтылған барлық мәселені депутаттар өз бақылауына алатын болды.

«Мемлекет басшысы халқымыздың қоршаған ортаға деген көзқарасы мен бағыт-бағдарын өзгертуге бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын жариялаған еді. Статистикаға сәйкес, орта есеппен 60 шақырым жолдан 9 текше метрге дейін қоқыс жиналады. Яғни, әр шақырымнан 16 келіге дейін қоқыс жиналады деген сөз. Оның бәрін біздің азаматтар тастайды. Еліміз таза болу үшін экологиялық мәдениетті жан-жақты дамытуымыз керек», – деді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин.

Жобаның бренд-амбассадоры, Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаевтың айтуынша, бүгінде



жастарды шынайы экологиялық патриотизм тұрғысында тәрбиелеу және экологиялық мінезқұлықтың тұрақты үлгісін қалыптастыру мәселесі өте маңызды.

«Белсенділер мен қоршаған ортаға бейжай қарамайтын азаматтар жемісті жұмыс атқарғанын мақтанышпен айта аламын. «Таза Қазақстан» – біркүндік акция емес, мемлекет дамуының



жаңа тұжырымдамасы. Онда әркім ортақ үйімізге, табиғатымызға, дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызға, тарихымыз бен мәдениетімізге жауапты. Еліміздің экологиялық қауіпсіздігі – салауатты ұлт пен орнықты дамудың кепілі», – деді ол.

«AMANAT» партиясының мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділерінен бөлек, Road-эстафетаға қоғам қайраткерлері, студенттер,

деді Жамбыл облысы Шығанақ ауылының тұрғыны Арайлым Қаздашева.

Еске сала кетейік, бұған дейін Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «AMANAT» партиясы әр апта сайын ұйымдастырылатын «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын бастаған болатын. Елді мекендердегі ластанған аумақтардың картасы әзірленіп, соның негізінде ел аумағында жол бо-

«Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері қарғын судан зардап шеккен тұрғындардың баспанасын ретке келтіруге көмектесті. Еліміздің барлық өңіріндегі барша партиялықтар саябақтарды, скверлерді, аулаларды тазартып, тарихи-мәдени және табиғи ескерткіштерді тазалауда. Сондай-ақ сенбілікке шығып, ағаш егеді және өзге де іс-шараларды ұйымдастырады.



йындағы аумақтардан, өнеркәсіптік аймақтардан, тұрғын аудандардан, әлеуметтік нысандардан және басқа да көптеген аумақтардан белгілі учаскелер анықталды. Екі аптада ел аумағында 700-ден астам учаске тазартылды.

Айта кетейік, су тасқынының қауіпті кезеңі аяқталғаннан кейін «AMANAT» партиясының 4 мыңға жуық белсендісі мен

Экологиялық мәселелерді шешу – «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған маңызды басымдықтың бірі. Сайлауалды уәделерді жүйелі жүзеге асыру жұмысы аясында былтыр мемлекеттік орман қоры аумағына 302,7 млн түп ағаш егілді. Сонымен қатар 39 ірі өнеркәсіптік кәсіпорында ауаның ластануын бақылайтын автоматтандырылған жүйе орнатылды.

2027 жылға қарай партияның сайлауалды бағдарламасы аясында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін 36%-ға дейін ұлғайту, Жайық өзенінің экожүйесін қалпына келтіру, Балқаш көліне тұрақты су ағынын қамтамасыз ету, ауа сапасының индексын енгізу, ластанған елді мекенде кәсіпорынның ауаны ластау нормативтерін 40%-ға дейін төмендету, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған 16 су қоймасын қайта жаңарту және жаңадан 14 су қоймасын тұрғызу жоспарлануда.



ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ СЫРЫ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән! Оның Пайғамбары Мұхаммедке салауаттар мен сәлемдер болсын!

Құрметті бауырлар! Кеше ғана қасиетті Рамазан айын аяқтап, Ораза айтты тойлаған едік. Көзді ашып-жұмғанша Құрбан айт мерекесі де келіп жетті. Ұлық мерекеге аман-есен жеткізген Аллаға сансыз шүкірлер мен мадақтар болсын!

Бұл күндері әлемнің әр бұрышынан Мекке мен Мәдинаға ағылған мұсылман үмбеті Исламның бес тірегінің бірі болған қажылық парызын орындауда. Оның ішінде біздің де отандастарымыз бар. Қағбаны тауап етіп, тәубе етіп, құлшылық жасап жатқан барша мұсылманның дұғатілегі мен қажылығы қабыл болғай.

Алла Тағала кімге құрбан шалатын мүмкіндік берсе, яғни қолында қаражаты бар мұсылман баласы Жаратушы Жаббар Иесіне жақындау ниетімен Оның рақымынан үміт ете отырып, құрбан шалуы міндет болып есептеледі. Себебі «құрбан» сөзі «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Демек, пенде Алланың разылығын көздеп, Оның мейіріміне бөленуді шынайы қалап құрбан шалу арқылы Жаратқанның жарылқауына бөленеді. Құрбан шалудың шариғаттағы анықтамасы мынадай: Құдайға құлшылық ниетімен ереже-шарттарын ескере отырып, мал шалу.

Кімнің бір қойды сатып алып, оны құрбандыққа шалуға шамасы жететінін Алла жақсы біледі. Құдай біздің ішкі ниетімізден де толық хабардар. Сондықтан құрбан шалудың негізгі мақсаты – адамды Аллаға жақындату. Тіпті, құрбан шалуға шамасы келмеген адамдар бұл күндері мұқтаждарға садақасын беріп, Құдайдың мейірімінен үміт етеді. Құрбан айт күндері әр адам өзінің материалдық мүмкіндігі аясында құрбан шалып, жақсы істерге ұмтылатыны сондықтан.

Құрбан шалу – Аллаға деген ықыластың үлкен белгісі. Исламдағы барлық құлшылықтың түпкі мәні мен мақсаты – пенденің

ықыласын арттыру, шынайы ниетті шындау. Өйткені қорасында қойы бар шаруа немесе қолында қаражаты бар адам малдың ең жақсысын, яғни семізін, ірісін Алла жолына арнап, құрбандыққа шалады.

Жаратушы Иеміз Құранда мұсылман баласына ең жақсы көрген нәрсені садақа етуді, яғни Алла жолында жұмсауды бұйырған. Бұл туралы қасиетті кітабымызда былай делінген: «Жақсы көрген нәрселерінді Алла жолында жұмсамайынша жақсылыққа қол жеткізе алмайсыңдар. Не берсеңдер де Алла оны сөзсіз толық біледі» («Әли Имран» сүресі, 92-аят). Жомарт жан Алла үшін барын аямайды. Жақсы көретін дүниесінің ең жақсысынан құрбан шалып, садақа береді. Мұндай игі істі ыждағатпен орындаған адам міндетті түрде жақсылыққа кенеледі.

Ислам тарихынан белгілі, Ибраһим пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын)



қартайған шағында қаншама жыл күткен баласын құрбандыққа шалып жатқанын түсінде көреді. Бұл Раббысының әмірі екенін түсінген ол шынайы берілу, толық мойынсұну, Алланың нағыз досы екенін дәлелдеу ниетімен ауыр сынақ бола тұра үлкен құрбандық жасауға бел буады.

Алланың сынағынан сүрінбей өткен Ибраһим пайғамбарға (оған Алланың сәлемі болсын) көктен көк қошқар түсіріледі. Құрбан шалу рәсімі осы сәттен бастап мұсылман үмбеті үшін сүннет амал болып қалды. «Құрбан шалу – Ибраһим бабаларыңның салып кеткен жолы. Құрбандыққа шалған малдарыңның әрбір тал қылшығы үшін сауап аласыңдар» деген хадистің мәні осында жатыр.

Адам баласы қажет кезде Алла жолында ең құнды нәрсесін қия білуі керек. Ибраһим пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) үшін ең бағалы, ең құнды, ең сүйікті, жүрегімен жақсы көрген перзенті болса, соның өзін Алла үшін еш ойланбастан құрбандық

етуге дайын болған еді. Алдында екі таңдау тұрғанда еш қиналмастан Жаратушысының разылығын таңдады. Біз бұдан Алланың разылығы ең жоғары құндылық екенін жіті түсінеміз.

Шын мәнінде, Алла біздің мал-мүлкімізге, бала-шағамызға, атақ-абыройымызға, мансабымызға мұқтаж емес. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген. Алла Тағала біздің шынайы ықыласымыздың дәрежесіне қарай мәртебемізді де жоғары көтереді. Өйткені тапқан табысының белгілі бір үлесін Алла жолына арнау үлкен жомарттықты қажет етеді. Бұл – сараң адам үшін ауыр амал. Тіпті, Алла ондай адамдарға құрбандық жасау бақытын бұйырмайды.

міндеттеген. Тіпті, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Шамасы жете тұра құрбан шалмаған жан намаз оқитын орнымызға жақындаушы болмасын!» – деп қатаң ескерткен. Иә, байдың малында кедейдің ақысы бар. Қара суды қанағат тұтып жүрген жандар мейрам күндері ет жеп, маз-мейрам күй кешеді.

Құрбан айт – бай мен кедейдің арасына мейірімділік сезімдерін сыйлайтын сәт. Расында, айт – ағайын арасын жақындастыра түсетін, адамзат баласын имандылыққа ұйытып, қанағат пен тәубеге шақыратын ұлық мейрам. Бұл күндері барша мұсылман құрбан шалумен ғана емес, Ұлы Аллаға ұнамды әрбір игі амалы арқылы Раббысының разылығына, рақымына жақындай түседі.

Жаратушыға иман келтірген үмбеттің әрбір ғибадаты, құлшылығы, тіршілігі Алла Тағалаға бойсұнушылыққа негізделген. Хак Тағала Құран Кәрімнің Әнғам сүресінде былай деп бұйырды: «Шын мәнінде, менің намазым да, құлшылығым да, тіршілігім де, өлімім де әлемдердің Раббысы Алла үшін деп айт». Сондықтан да мүміннің қуанышы, мерекесі де Жаратушымен бірге, Раббысының әмір-тыйымын орындау арқылы болады.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылман үмбетін таныған адамға да, танымаған жанға да ас беруді, оған қайырымдылық жасауға үндеген. Шын мәнінде, Құрбан айт ренжіскен кісілердің көңілін жібітеді. Құрбан айт қоғамда әлеуметтік мәселелерді шешуге оң ықпал етіп келеді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жыл сайын Құрбан айт мейрамы кезінде жомарт жандардың көмегінің арқасында мындаған тұрмыс жағдайы төмен отбасына, жетімдерге, қараусыз қалған қарттарға, жалғызбасты аналарға, жалпы, көмекке мұқтаж жандарға құрбандық етін үлестіріп келеді. Имамдарымыз Құрбан айт күндері қоғамға қайырымдылық істерді дәріптеуге барынша үлес қосуда.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұрт күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айттың негізгі мәні мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру екенін естен шығармаған абзал. Алланың рақым нұры төгілетін айтта жұртымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Алла Тағала елімізбен жерімізге берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақаларымызды, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істерімізді қабыл еткей.

Айттан айтқа аман-есен жете берейік!

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК



Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Эстония Республикасының Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы, Түрікменстандағы және Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Тоомас Тирспен кездесті.

Кездесуге қатысушылар көптеген екіжақты құжаттарға қол қойылғаннан кейін ресми сипатқа ие болған қазақ-эстон қатынастарын одан әрі дамытудың келешегін талқылады. Ынтымақтастықты тереңдетуге, парламентаризмді және парламенттік дипломатияны өрістетуге назар аударылды.

«Біздің елдеріміз дипломатиялық қатынастар орнаған кезден бастап ынтымақтастықтың қарқынды дамуын көрсетіп келеді. Өзара іс-қимылдың оң көрінісі және тұрақты дамуы байқалып отыр. Қазір екі арада бірқатар маңызды мемлекетаралық және өңірлік келісімдер жасалды, сондай-ақ ұзақмерзімді ын-

тымақтастықтың негізінде белсенді диалог жүргізіп келеміз. Біз инвестиция, сауда, ғылыми зерттеу, цифрландыру саласында, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салаларда айтарлықтай дамуды көріп отырмыз», – деді Нұртөре Жүсіп.

Тоомас Тирс өз кезегінде Эстония Қазақстанмен ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын, сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға белсенді ықпал етуге дайын екенін атап өтті.

Былыр қазақстандық кондитерлер рекордтық көлемде 106,9 мың тонна кондитерлік өнім өндірді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 10,4%-ға артық. Дегенмен мамырда тұтынушылар дүкен сөрелерінен отандық танымал тәттілерді таба алмаған болатын. Азаматтарымыздың кейбірі еліміздің кондитерлік фабрикаларда дағдарыс пайда болды деп долбар жасаса, енді бірі отандық өндірушілер импортқа төтеп бере алмай отыр деп болжады. Сол себепті тәттілер нарығында болып жатқан жайттарға шолу жасап, жағдайды саралап көрдік.

Кәмила ЕРКІН

Energyrom аналитикалық порталының мәлімдеуінше, 2023 жылы Қазақстанда шоколадты тұтыну 13%-ға өскен. Сондай-ақ шоколад пен кондитерлік өнімдердің импорты 2,9%-ға өсіп, 118 мың тоннаға жеткен. Дегенмен ішкі нарықтағы импорттың үлесі 52,5%-дан асқан. Ал экспорт бір жылда 2,3%-ға өсіп, 36,3 мың тонна деңгейіне көтерілген. Ішкі нарықта сатылған қазақстандық тәттілердің көрсеткіші 7,2%-ға өсіп, 188,7 мың тонна болды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, соңғы бір жылда шоколад бағасы 9%-ға көтерілгенін көреміз. Атап айтар болсақ, еліміздің 19 өңірінде шоколад бағасы қымбаттаған. Оның ішінде ең көп өсім өңірлер қатарында Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бар, ал ең аз өсім көрсеткен Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары болды. Сонымен қатар елімізде шоколадты тұтыну көлемі бір жылда 13,1%-ға артып, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте жан басына шаққанда орта есеппен 682 граммға жеткен. Бір таңғаларлығы, қала тұрғындарымен салыстырғанда ауылдық жерлерде тәттілерді көбірек тұтынған болып шықты. Мәселен, қалада жан басына шаққандағы көрсеткіш — 636 грамм, ал ауылда бұл көрсеткіш 757 грамды құрады.

КОЛҒА ТҰСАУ БОЛҒАН ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ

Мұның себебін Дүниежүзетерінен көруге болады. World Bank Commodity Price Data баяндамасында мамыр айында какао бұршақтарының бір килограммы үшін орташа баға жыл басынан бері 79%-ға, ал мамыр айының ішінде 154%-ға көтерілген. ДБ какао биржасына ақша салғандар алтыннан да артық пайдаға кенелгенін жеткізген. Құжатқа сәйкес, бұл шикізаттық тауарлар арасындағы ең жоғары көрсеткіш екенін көруге болады. Салыстырып айтар болсақ, алтын жыл басынан бері 16%-ға өскен.

Nasdaq биржасының хабарлауынша, какао бұршақтарының бағасы сауір айының ортасында тоннасына 11 461 долларды құрайтын тарихи ең жоғары деңгейге жеткен. Салыстырар болсақ, бір жыл бұрын бұл көрсеткіш төрт есе төмен, яғни 2 842 АҚШ доллары деңгейінде болды. Әлі күнге дейін



КАКАО

ҚЫМБАТТАДЫ,

«ҚАЗАҚСТАН»?

ҚАЙТПЕК

какаоның қор нарығындағы бағасы 7 мың АҚШ долларынан төмен түспеген. Ал 14 маусымдағы жағдай бойынша Құрлықаралық биржадағы (Intercontinental exchange) какао фьючерсі тоннасына 10,810 АҚШ доллар. Бұл былтырмен салыстырғанда 3,4 есе жоғары.

Халықаралық биржалардағы дүрбеленнің басты себебін Nasdaq өткен жылғы Батыс Африкадағы қуаңшылық деп көрсетеді. Бұл өңір бүкіләлемдік какао бұршақтарының едәуір бөлігін экспорттайды. Мұндағы егіннің жетіспеушілігі мен дәнді-дақылдардың аурулары какао өндірісінің шектелуіне әкеліп соқтырып, какао бағасының еселеп өсуіне әкелді. Халықаралық какао ұйымы (ICCO) «жаһандық какао тапшылығы 2024 жылы жалғасады деп күтілуде» деп мәлімдеді. Өйткені қазіргі өндіріс дүниежүзілік сұранысты қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар какао бағасы 2016 жылы Эль-Ниньо құбылысынан туындаған құрғақшылық какао бағасының соңғы 12 жылдағы ең жоғары деңгейге көтерілуіне әкеп соқтырды.


Айта кетейік, 2014-2016 жылдары Оңтүстік Америка жағалауы-



Мишель Аррион Брюссельде өткен Халықаралық какао конференциясында сөйлеген сөзінде биыл әлемдік какао өндірісі 11,7%-ға, ал какао ұнтақтау көлемі 4,3%-ға азаяды деп мәлімдеді.

Сонымен қатар ол 2016/2017 жылғы өндірістің шамадан тыс 15%-ға өсуіне байланысты какао құнының 30%-ға төмендегенін

ӘЛЕМДЕГІ КАКАО БҰРШАҚТАРЫН ЭКСПОРТТАУ БОЙЫНША КӨШБАСШЫ ЕЛДЕР



нан ерекше жылы ағыс өткен болатын. Бұл «Эль-Ниньо құбылысы» деген атаумен тарихта қалды. Бұл әлемнің әртүрлі өңірлеріне өзгеше әсер етті. Мәселен, осы құбылыстың әсерінен Венесуэладағы, Аустралиядағы және Тынық мұхитындағы бірқатар аралдарда құрғақшылық, ал кейбір елдерде ауқымды су тасқыны тіркелді.

КОТ - Д' ИВУАРДАН ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕЙІН

Халықаралық какао ұйымының (ICCO) атқарушы директоры

айтуынша, ендігі жерде екі-ақ амал бар: не бағаны өсіреді немесе өнімдердің салмағын азайтады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстанда жыл басынан бері шоколад бағасы 7,4%-ға, ал шоколадпен жылтыратылған кәмпит (глазурь) 7,3%-ға өсті. Ірі отандық өндірушілер өз өнімдерінің бағасының өсуіне какао бұршақтарын сатып алу құны үш-төрт есе қымбаттағаны әсер еткенін алға тартып отыр. Мамыр айында елордада дүкен сөрелерінде атышулы «Қазақстан» шоколадының тапшы болуына да себепші осы жайт екенін мензейді «Рахат» кондитерлік фабрикасының өкілдері.

«Әлемдік биржаларда какао бұршақтарының қымбаттауы какао өнімдерін (какао бұршақтары

мамен 20%-ға өсті», — деп жауап берді кондитерлік фабрика өкілі.

Сонымен қатар отандық кондитерлік фабрика өнім желісін какао мөлшері аз тауарлардың пайдасына өзгермейді деп сендірді.

«Бірақ какао бұршақтарының құнының өсуіне байланысты шоколад өнімдерінің құны артады және бұл сатып алу сұранысының төмендеуіне және сәйкесінше оның шығарылу көлемінің төмендеуіне әкелуі мүмкін», — деп қосты компания өкілі.

Өндірушінің мәліметінше, 2024 жылдың төрт айында «Рахат» өнімдерін сату деңгейі былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6%-ға төмендеген.

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЕСЕБІ

Какао дағдарысы жағдайында кейбір өндірушілер ақтық шара қолдануға мәжбүр екенін мәлімдеп отыр. Мысалы, Bloomberg агенттігінің хабарлауынша, халықаралық Маг және Nestle компаниялары кейбір өнімдерінің көлемін азайтпақ. Ал ресейлік KDV Group азық-түлік холдингі какао бұршақтарының бағасын тұрақтандырмағанға дейін о'Zera шоколады өндіруді доғармақ.

Отандық өндірушілерге әріне, бұл қымбатшылық оңай соқпай отырғаны анық. Сол себепті какао бағасына тәуелділік кондитерлік өнімдердің баға саясатын қайта қарауға итермелеуде. Өндіріс шығындары өссе, компаниялардың табыстылығына да кері әсер етпек. Бірақ әзірге кондитерлік фабрикалардың қаржылық есебі түзу.

Мәселен, өткен айда KASE қазақстандық қор биржасындағы «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ның қаржылық есебі жарияланды. Оған сәйкес, компанияның таза пайдасы 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 пайызға өсіп, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 8,7 млрд теңге болған. Алдыңғы жылы бұл көрсеткіш 8,36 млрд теңге еді. Жалпы табыс 2022 жылы 20,71 млрд теңгеден, өткен жылы 20,6 млрд теңгеге азайған. Ал сату көлемі 10,8 млрд теңгеге, 83,5 млрд теңгеден 94,8 млрд теңгеге дейін өсті.

Компанияның жиынтық капиталында да он өзгерістер бар: бір жыл ішінде ол 6,1 млрд теңгеге артып, 2023 жылғы 31 желтоқсанға 64,5 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ жиынтық активтерде: 2022 жылы олар 5,2 млрд теңгеге, 67,8 млрд теңгеден 73 млрд теңгеге дейін өсті.

Мамыр айының басында компания 2023 жылға бір жай акцияға 725,00 теңге мөлшерінде, ал жалпы жай акциялар бойынша 2,61 млрд теңге дивидендтер төлейтінін хабарлады. Компанияның негізгі акционері — 95,57% немесе 3,44 млн жай акцияға иелік ететін Lotte Confectionary Co дивиденд түрінде 2,46 млрд теңге алады.

«Лотте Рахат» компаниясының өткен жылғы есебінде өнімдері қай елдерге экспортталғаны және одан қанша ақша тапқаны да көрсетілген. Олардың қатарында Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия, Тәжікстан, Германия, Әзербайжан елдері бар. Бұл жолғы тізімде Ауғанстан пайда болған. Бұл елге отандық тәттілер алғаш рет 23,7 млн теңгеге сатылған. Компанияның ең көп өнімі ішкі нарыққа, яғни Қазақстанға 76,9 млрд теңгеге, одан кейінгі орында 11,1 млрд теңгеге Ресей өткізілген.

Естеріңізге сала кетейік, Кореялық Lotte компаниясы 2013 жылы «Рахат» акцияларының негізгі пакетін сатып алды. 2019 жылы оның үлесі 95,5%-ға дейін жетті.

Nasdaq биржасының хабарлауынша, какао бұршақтарының бағасы сауір айының ортасында тоннасына 11 461 долларды құрайтын тарихи ең жоғары деңгейге жеткен. Салыстырар болсақ, бір жыл бұрын бұл көрсеткіш төрт есе төмен, яғни 2 842 АҚШ доллары деңгейінде болды.

мен үгітілген какао) сатып алу құнының бұрын-соңды болмаған деңгейде өсуіне себепкер болды. Шын мәнінде, какао бұршақтарын сатып алу құны үш-төрт есе өсті. Жекелеген жағдайларда, ұсыныстың шектеулілігіне байланысты біз какао өнімдерінің тоннасын 20 мың долларға дейінгі бағада сатып алуға мәжбүр болдық», — деп түсіндірді «Рахат» кондитерлік фабрикасы («ЛОТТЕ Рахат» АҚ) AIQYN газетіне берген ресми жауабында.

Нәтижесінде, компания құрамында какао (кәмпиттер, шоколад, жылтыратылған өнімдер) бар ассортименттің бағасын көтеру туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

«Біз шикізаттың нарықтық бағасын ескере отырып, какао құрамы бар өнімдердің бағасын кезең-кезеңімен түзетуді жоспарлап отырмыз. Жыл басынан бері жоғарыда аталған өнім құны ша-

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Хирургтардың түрі көп. Кардиохирург, кан тамырлары хирургы, нейрохирург деп кете береді. Бұлар белгілі бір саланы ғана меңгерген хирургтер. Ал осылардың ішінде «Отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» әмбебап мамандар бар. Олар — жалпы хирургия мамандары. Бұлар отаның барлық түрін жасайды. Бір сөзбен айтқанда, адамның басынан бақайшағына дейін қарайды, ота жасау қажет болса жасайды.

Бізді аурухана алдында Орал қалалық Көпбейінді аурухана директорының медицина бөлімі бойынша орынбасары Диас Жайлаубайұлы күтіп алды.

— Жаңа ғана көптеген денежарақатын алған ер адамды алып келді. Қолымызда ол туралы ақпарат жоқ. Кім екенін, жасын да білмейміз. Біздің міндет — құтқару. Қансырап, есі кіресілі-шығасылы жатқан сол ер адамға қазір ота жасалып жатыр, — деп бізді ота залына алып барды.

Барсақ ер адамның кеуде тұсын түгел ашып тастаған. Ер адам б жерден пышақ жарақатын алыпты. Мойыны, кеудесі, бауыры, жүрегінің тұсы, ішегіне пышақ тиген дейді. Қазір дәрігерлер жанталасып ота жасауда. Бір адамға төрт хирург ота жасап жатыр. Бұл екі бригада дейді. Себебі науқастың жағдайы өте ауыр болыпты.

Ер адамды көшеден жедел жәрдем әкеліпті. Оны қансырап жатқан жерінен көшедегі адамдар жедел жәрдемге салып жіберген. Дәрігердің қолында осыдан басқа ақпарат жоқ. Бірақ соған қарамастан дәрігерлік көмек көрсетіле береді. Себебі бұл ақхалаттылардың бірінші міндеті — адамды құтқару.

— Бұл науқастың өмірін құтқару мүмкіндігі өте төмен. Көп қан жоғалтқан. Көшеде пышақтап кеткен. Қанша уақыт жатып қалды, біз білмейміз. Бірден ота залына алып келді. Қан қысымы, гемоглобині өте төмен. Қазір отадан кейін қан құямыз. Мысалы, бұл науқаста жұқпалы аурулар бар жоғын білмейміз, соған қарамастан отаны бастап кеттік. Өзіңіз көріп тұрсыз, денесінің сау жері қалмаған. Мұндай шұғыл оталар кезінде хирургке де қауіп жоғары. Мәселен, жұқпалы аурумен ауыратын науқас болса тарауы мүмкін, ал шұғыл ота кезінде оны анықтап тұратын уақыт жоқ, — дейді ота жасап жатқан хирургтердің бірі Қасым Бисенғалиев.

Қасым Бисенғалиев жеті жылдан бері жалпы хирургия мамандығы бойынша жұмыс істеп келеді. Жас та болса талай күрделі отаны өткерген дәрігер.

— Жалпы, хирургия мамандығы өте күрделі мамандық. Біз шұғыл оталарды жасаймыз ғой ойланп тұруға уақыт жоқ. Бірақ бізді көп білмейді. Біздің мамандықтың жауапкершілік жүгі өте ауыр. Мысалы, осы науқасты аяққа тұрғызу — біздің міндет. Мұндай күрделі оталар 3-4 сағат жасалады, барлық энергиямыз кетеді. Біз өз міндетімізді бұлдамаймыз, осы мамандыққа келгесін жасаймыз. Бірақ мемлекеттік деңгейде жалпы хирургия саласына көңіл бөлінсе екен деген тілегіміз бар, — дейді хирург-дәрігер Қасым Бисенғалиев.

Хирургтер қара терге түсіп Ота жасап жатыр. Қалың ұйқыға кеткен науқас ештеңе сезер емес. Біз осы кезде әңгімеге анестезиологты тарттық.

Бекнұр Ақылбекұлының айтуынша, қазір ота жасалып жатқан

Маусым айының үшінші жексенбісі — дәрігерлер күні. Біз осы мерекеге орай қаламыздағы көпбейінді ауруханаға бас сұқтық. Бұл жерде талай адамды дәрігерлер ажалдан арашалап қалды, талай тағдырды аяққа тұрғызды. Дәрігерлердің жұмысында сенбі, жексенбі, бүгін демалыс деген түсінік жоқ. Бұлар күні-түні жұмыс істейтін халық. Соның ішінде хирургтердің жұмысы қауырғ. Жаз мезгілінде хирургтерге түсетін салмақ тіпті көбеюде. Себебі екі күннің бірінде жол апаты, ол аз десеніз, самокат, скутер тепкен бозбалалар бір-біріне түйісіп жарақаттанып жалпы хирургия бөліміне келіп түседі. Хирургия бөліміне күніне 100-ге жуық адам келеді екен. Соның ішінде 10-12 адамға міндетті түрде шұғыл ота жасалады. Бұл жұмыстардың бәрін жалпы хирургия мамандары атқарады.



АДАМ ЖАНЫНЫҢ

АРАШАШЫСЫ



ер адамның жағдайы өте ауыр. Көп қан жоғалтқан.

— Біз кез келген операцияға қатысамыз. Адамның денесі мен салмағына қарай ұйықтататын дәрі саламыз. Мына кісінің салмағын нақты білмейміз. Бізге келгенде есі кіресілі-шығасылы болды. Шамамен қарап саламыз. Науқас өте әлсіз болғандықтан бірден ұйықтап кетті. Менің міндетім — науқасқа операция жасалып жатқан кезде оның жүрек соғысын, қан қысымын, өкпесі мен бауырының жұмысын қадағалап тұру. Қазір бұл кісінің қан қысымы мен гемоглобині өте төмен, — дейді анестезиолог Бекнұр Ақылбекұлы.

БҰЛАР ОПЕРАЦИЯНЫҢ БӘРІН ЖАСАЙДЫ

Хирургтар — адам жанының арашашысы. Соның ішінде жалпы хирургия мамандары — оң-солын таңдамайтын медицина саласының батырлары. Бұлар операцияның бәрін жасайды. Өкінішке қарай, БҚО-да осы жалпы хирургия мамандарының тапшылығы қатты сезіледі. Әсіресе, аудандық жерлерде хирургсыз отырған ауруханалар бар. Ал бізде аудандардың бәрі де тасжолдардың бойында орналасқан. БҚО жол апаты саны

жерлерде жол апаты өте көп болады. Күніне жоқ дегенде бір адамды апарды. Егер сол жалғыз хирург еңбек демалысына кетсе, шұғыл ота жасайтын кісі жоқ. Бізде сондықтан жалпы хирургия саласының хирургтері 24 сағат 365 күн үздіксіз жұмыс істейді. Балашағасын, үйдің бетін көрмей жұмыста жүреді. Аудандық жердегі терапевтін жоқтығы аса біліне қоймайды. Ал хирургтің жоқтығы бұл өте қауіпті. Тіпті, сол аудандағы жалғыз хирургті біліктілігін арттыру курстарына да жібере алмаймыз, себебі ол оқуға кетсе, орнына кісі жоқ. Осыдан келіп жол апаттарынан қатты зардап шеккен, ауыр жағдайдағы адамдар мен аяқасты ота жасалуы керек жүкті әйелдер секілді топтарға ота жасау қажет болса, аудандардағы хирургтер кейде біліктілігі жетпей санавиацияны шақырады. Шұғыл жағдай болса, қаладағы хирургтер санавиациямен ұшып барамыз. Аудандарда анестезиологтар жоқтың қасы. Хирург болмағасын анестезиологта болмайды. Екеуі өте тығыз жұмыс істейтін адам ғой, — дейді хирург Диас Жайлаубайұлы.

ЖАЛПЫ ХИРУРГИЯ МАМАНДАРЫ НЕГЕ ТАПШЫ?

Диас Жайлаубайұлының айтуынша, бұрын хирургтер жеті жыл оқып болғасын бірден хирург болып жұмысқа тұрған екен. Қазір бұл жүйені алып тастаған.

Жалпы хирургия мамандығын алу үшін қазір алдымен 7 жыл оқысың да, тек жалпы дәрігер деген дәреже алып шығасың. Одан кейін үш жыл тағы қосымша оқысаң ғана жалпы хирург мамандығын береді. Ал 7 жыл оқуын аяқтаған жастарды жұмысқа тек 0,5 бірлікпен ғана алады екен. Бұл ақша кімге жетсін. Сондықтан да қазіргі жастар жалпы хирургия бөліміне оқуға аса құлықты емес.

— 7 жыл оқып келіп, 0,5 бірлікпен жұмысқа тұра алады. Ол әрі қосымша оқуы керек. Мұндай жалақымен ешкім өмір сүре алмайды, әке-шешесіне қарайласу керек, отбасын құруы керек, балашағаны асырау керек деген секілді әлеуметтік мәселелер бар. Сондықтан да олар жалпы хирургияға оқуға түскенше травматолог, ней-

рохирург, уролог болып 7 жыл оқып шыққанды дұрыс санайды. Осыдан келіп жалпы хирургияда маман тапшылығы қатты сезіледі. Хирургтердің жалақысы да өте төмен. Таңғы сегізден түскі 16:00-ге дейін жұмыс уақыты бар. Сенбі-жексенбі шұғыл ота болса шақырып алады, себебі манағы айтқан маман тапшы. Әрі кезекшілікке түсеміз. Осы жүктеменің бәрін есептегенде жалақымыз тек 300 мыңды құрайды. Бұл хирургтер үшін аз жалақы ғой. Сондықтан да біздің жалпы хирургия бөлімінің хирургтері пластикалық хирургия секілді ақшасы жақсы салаға ауысып кетіп жатады. Жалпы, хирургия мамандары үшін жағдай жасалмай отыр ғой, бізде әлеуметтік мәселе өте көп. Үй мәселесі бір шешілмей-ақ қойды. Әсіресе, аудандарға баратын мамандар үй болмағасын бармайды. Үстемеккі, бір реттік төлеманың да көлемі артса жақсы болар еді, — дейді Диас Жайлаубайұлы.

Хирургия және жоспарлы хирургия бөлімі деп екіге бөлінеді. Жоспарлы хирургия бөліміне 20 адамдық төсек-орын, шұғыл хирургия бөлімінде 30 адамдық төсек-орын бар екен. Жалпы, хирургия бөліміне күніне 100-ге жуық пациент келеді, оның ішінде 10-12-ге жуық адамға шұғыл ота жасалады.

Жалпы, хирургия саласы мамандарының тапшылығы аздай көп хирургтер бұл саладан кетіп жатыр. Себебі — сол бағытқа ақша мәселесі. Нарық заманында адамның өмір салты ақшаға байланған уақыт. Мәселен, қазір жалпы хирургия саласының төрт хирургі пластикалық хирургияға кетіп қалған. Енді бірі бариатриалық хирургияны оқып жүр екен. Айына 300 мың жалақыға өмір сүретін жалпы хирургия маманына қарағанда екі көздің үстіңгі етін 300 мыңға алып беретін пластикалық хирургтің табысы жақсырақ енді.

— Қазір жалпы хирургия мамандығы аса бір өзекті болмай тұр. Себебі ақшасы өте аз. Еңбегі де елеусіз. Халық та бұл саланы көп түсіне бермейді. Адамдар кардиохирург, нейрохирургтерді жақсы біледі. Ал біздің жұмыс көбіне шұғыл жасалатын оталардан тұрады. Шаштың ұшынан бастап аяқтың тырнағына дейін біз қараймыз. Бастағы, башпайдағы ірің, бұлшық ет жарақаты, соқыршек, ішкі құрылыс жарақаты осының бәрін біз, яғни жалпы хирургия қарайды. Ал кардиохирург тек жүрекке ота жасайды, пластикалық хирург сол отаны жасайды. Көрдіңіз бе, салмақ пен жүктеме бірдей емес. Бізде ауыртпашылық өте көп, жарақатпен түсетін науқастар да көп. Сондықтан біздің жалпы хирургияда жүрген жігіттер пластикалық хирург, нейрохирургияны қосымша оқып алып ауысып кетеді, — деп атап өтті хирург Диас Жайлаубайұлы.

Бариатриалық хирургия — Асқазанды тарылтуға арналған операциялық хирургия. Дәрігердің көмегімен асқазанды тарылтып, арықтау үшін, метаболизмді жақсарту үшін жасалатын ота түрі. Қазіргі ғасырдың дерті семіздік десек, арықтағысы келетін қыз-келіншектер мен сылқым жігіттер бұл ота үшін ақша аямайды. Сондықтан да жалпы хирургия мамандығынан бариатриалық хирургияға өткісі келетін табысты салаға қарай ауысу үрдісі белен алып барады. Бұл әлеуметтік мәселені билік қазір шешпесе кейін жалпы хирургия саласында маман таппай сандалып қалуымыз өбден мүмкін.

Батыс Қазақстан облысы

Ой еркіндігі мен оның таралуына шектеу қойған цензураның талабынан өтпей қалған құндылықтардың тағдыры туралы білетініміз там-тұм ғана. Десе де, қолымызға тиген кей еңбектер түпнұсқадан өзгеріске ұшырап, баз бір шығармалар баспаға жетпей «желкесінен қиылғаны» айтпаса да белгілі. Бақылауы мен қанауы қатаң жүрген цензура азуын ақситып тұрған кезде қазақ әдебиетінің астары да, қат-қабаты да мазмұнын өзгертуге мәжбүр болды, ал өзгермегені таралуына тыйым салынды. Осындай шығармалардың анық-қанығына көз жеткізіп, зерттеп жүрген зерттеушілер жетерлік. Олардың қолға алған ісі нәтижесіз қалмаса екен деген ниет қана біздікі. Әлі күнге дейін түпнұсқасын толық таппаған, халық қолына тимеген қандай еңбектер бар екенін білу үшін алаштанушы ғалымдардың пайымды пікіріне сүйендік.

ТАҒДЫРЛЫ «ТАС ТҮЛЕК»

Ең бірінші цензураның сынына ұшыраған авторлардың бірі – Мұхтар Әуезов. Яғни, әйгілі «Абай жолының» да тағдыры оңай болған жоқ. Жақында «Абай жолы» роман-эпопеясының алғаш жарық көріп, кейін цензураға ұшыраған нұсқасы қайта шықты. Абай туралы жазылған ең құнды шығарма Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы екеніне дау жоқ. Оның алғашқы нұсқасы шыққанына да 82 жыл өтіпті. Алғаш кітап 1942 жылы, сосын 1947 жылы романның алғашқы екі томы жарық көрген. Сол 1947 жылы шыққан нұсқасын Marfu Press баспасы қайта шығарып отыр.

Кітапты шығарған баспагер Марфуға Шапиян бұл кітаптың «Абай жолының» түпнұсқасы екенін айтып отыр. Иә, Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты кезінде жазушының шығармаларының 50 томдық жинағына енгенін, бұл жинақ «Жеті жарғы» баспасынан жарық көргенін айтқан-ды. Дегенмен Marfu Press баспасы бұл жинақты тегіннен-тегін қолға алып отырған жоқ. Өйткені кеңестік цензура талай кітапты қидалап, қайшымен қиғанын ешкім жоққа шығара алмасы анық.

Цензурадан өтпей қалған нұсқаны сол калпында, ешқандай редакторлық жұмыс істемей, жазушы қалай жазды, солай шығарған. Алғашқы том 400 бет болса, екінші кітабы 416 беттен тұрады. Екеуі де қалың кітап.

Марфуға Шапиян бұл туралы: «Бейсембай Кенжебаев деген мықты ғалым ағамыз бар. Ол кісі басын катерге тігіп, жауапкершілікті өзіне алып, ешкімге айтпай, баспаға тапсырып жібереді. Автор Мұхтар Әуезовтің өзі кітаптың басылып шыққанын қолына тигенде барып біледі. Себебі екі жыл бойы баспа қабылдамаған туындыдан үміт те үзілген болса керек-ті.

Содан кейін Бейсембай Кенжебаев сөгіс алып, тіпті жұмысынан қуылады. Бірақ осы кітаптың халыққа жетуіне солай қызмет етіп кетеді. Міне, солай 1942 жылы кітаптың алғашқы томы жарық көреді. Халық өте жылы қабылдайды. Бауыржан Момышұлы да соғыста жүріп кітапты оқиды. Авторға кітаптан алған әсерін жазып, хат та жолдаған

екен. Әуезовтің цензураға ұшыраған жалғыз шығармасы бұл емес. Ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Санагүл Майлыбай «Астана ақшамы» газетінде М.Әуезовтің «Тас түлек» шығармасы туралы мақала жариялады.

Онда автор: «Жазушының бұл шығармасы ешқандай басылып, жарияланбаған, оқырман қауымға белгісіз қолжазба күйінде мұражай қорында (80-бума, 37-48-б.) сақталған – «Тас түлек» әңгімесі. Тақырыптың астына автор өз қолымен «ұзақ әңгіме», соңына «Жалғасы бар» деп арнайы жазылған мұраның жалғасы мұражай қорынан табылмады. 1930-1932

нің «Қарт сарбаз хикаясы» андағайлап, оқшау тұрмақ» дейді қаламгер. Бұл оқиға авторға да оңай тимеді. Қатты күйзеліске түсіп, жүрек ауруына шалдығады. Кейін «Қарт сарбаз хикаясы» қайта жарық көрді. Бірақ бұл шығарма араға 30 жыл салып қана оқырманына жете алды.

Цензура ма, әлде белгілі бір себептер болды ма, көп айтыла бермеген, тәуелсіздік алғаннан кейін, оның өзінде бертінде ғана кітаптары шыға бастаған жазушының бірі – Бекежан Тілегенов. Оның «Тұйық өмірдің құпиясы» мен «Сексен алтыншы жыл» туындылары ұзақ жыл оқырманын күтіп, шаң басып архивтерде қалып қойды.

«Көп құнды дүние 1938 жылғы репрессия кезінде жойылып кетті ме деп ойлаймын. Мәселен, зерттеушілер Әбубәкір Диваевтың біраз еңбегі жоғалып кеткенін айтады. Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға барған экспедиция кезінде шолақ белсенділерден қорқып кітаптарды жойып жіберген адамдармен кездестім. Баянауылда молдаларға, бірқатар ғалымға шәкірт түскен ақсақалмен сөйлескенімде ұстазымен бірге біраз кітапты таудағы бір үнгірге жасырғанын айтқан-ды. Қателеспем, бұл Қырықжылдық совхозы еді. Көкшетаудың Қарасу ауылында соғысқа қатысқан Жанғали төре деген кісі «Шоканның екі арба кітаптарын көлге

Қайшыға түскен



Елдар КАБА (коллаж)

жылдар аралығында НКВД абақтысында отырып, 1932 жылы 20 сәуірде «Үштіктін» бұйрығымен 3 жылға кесіліп, шартты мерзіммен мамыр айында түрмеден босап шыққан жазушы «Тас түлек» әңгімесін түрмеден шыққан соң жазған. Оқиғада колхоздастыру науқаны кезіндегі ел арасындағы ауыр күйзелісті көрсетуге тырысқан. Жазушының негізгі нысанаға алған тақырыбы 1932 жылғы Қазақстандағы жаппай етек алған аштықтың себеп-салдарын көрсетуге негізделген. Ол кезеңді айтуға тыйым салынғандықтан, әңгіме аяқталмай, кейбір беттері қолды болғанға да ұқсайды» деген ой айтады.

Қиып, қидалаудың өзі авторға оңай тимесі анық, ал шыққан кітапты өртеп жіберсе ше? Бұл да кеңестік идеологияның «жеңісі». 20 мың таралыммен шыққан кітапты бір түнде өртеп жіберу – сұмдық емес пе? Иә, әңгіме Өтебай Қанахиннің «Қарт сарбаз хикаясы» туралы. Біз бұл туралы бұған дейін де «Өтебайдың кітабын неге өртеді?» деп жазғанбыз. Тіпті, бұл кітап жөнінде көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің жазғаны да бар. «Өтебай Қанахиннің «Қарт сарбаз хикаясы» романы сол беті жойылып кетпеуге тиіс еді. Қатарға жай ғана роман емес, қасіретті 1916 жылғы қарусыз Алаш жұртының ұлт-азаттық көтерілісінің қазақ әдебиетіндегі ең толымды, ең мәнді сипат тапқан үздік көрінісі. Тар заманда жазылуы, зерек десеңіз, өз кезінде түрмеге жабылып, өлімге кесілуі – бұл кітаптың құнын арттыра түссе керек. Кейін еркіндік дәуірінде осы тақырыпта қандай және қанша шығарма туса да, Өтебай Қанахин-



Кейбір кітаптардың өзгеріске ұшырап, қайта жазылған нұсқасы қолымызға тисе де, кейбірі баспаға жетпей, тау мен тастың астында қалды. Тіпті, зират басынан, іргесінен қазылған қуыстардан табылған авторы белгісіз кітаптар жаңбырдан шіріп, оқуға жарамсыз қалыпқа түсіпті.



ТАУ-ТАСҚА АМАНАТТАЛҒАН КІТАПТАР

Кейбір кітаптардың өзгеріске ұшырап, қайта жазылған нұсқасы қолымызға тисе де, кейбірі баспаға жетпей, тау мен тастың астында қалды. Тіпті, зират басынан, іргесінен қазылған қуыстардан табылған авторы белгісіз кітаптар жаңбырдан шіріп, оқуға жарамсыз қалыпқа түсіпті. Тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев 1980-жылдары жасаған экспедициясы нәтижесінде шолақ белсенділерден қорыққандар Шокан Уәлихановтың екі арба кітабын суға ағызып жібергенін айтты. Бұл – Баянауылда, Көкшетауда болған оқиғалар.

тастадық» деді. Мұндай көп әңгіме естідім. Әсіресе, араб емлесімен жазылған кітаптардың тағдыры өте аянышты. Бейіт басынан табылған кейбір кітаптарды жинап алып та жүрдім», – деді тарихшы.

Кеңес заманынан бұрын, одан кейін де жарыққа шықпай қалған еңбектерге әлі де толық зерттеулер жүргізілген жоқ. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлының тарихқа қатысты жазылған «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» атты кітабының екінші жөнделген нұсқасы әлі күнге дейін қолымызда жоқ. Ж. Артықбаевтың айтуынша, бұл еңбекті Алматыдағы Сәбит Мұқановтың атына жіберген, бірақ жоғалып кеткен.

«Ұстазым Оразак Смағұловтың «Қазақстанның этникалық геногеографиясы» атты кітабы қысқартылғанын көрдім. Бұл кітап 1974-1975 жылдары жарыққа шықты. Ішінде қазақ тарихы, қазақ халқының құрамына кірген төл рулар туралы мәлімет бар еді. Кітаптың менің қолымдағы экземплярды дүкен сөрелеріне ілінген кітап нұсқаларынан өзгереді. Оны Оразак ағайдың өзі тығып жүріп берген. Ол кісімен бірге экспедицияларда жүргенде осы кітап жөнінде көп айтушы еді. Одан кейін Ермұхан Бекмахановтың «XIX

ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан» атты кітабын студент кезде көп іздедім. Осы кітап пен 1943 жылы шыққан Қазақстан тарихы оқулығын себеп қылып 1951 жылы Е. Бекмаханов 25 жылға сотталды. Дәл осы кітапты Қарағанды университетінен ешкім тауып бере алмады. Тауып бере алады-ау деген адамдардың өзі қатты қорықты. 1986 жылы аспирантураға түскенімде бұл еңбекті Қазақстан ғылым академиясының кітапханасындағы сирек кездесетін кітаптар қорынан тауып оқыдым. Бекмахановтың кітабын іздеген кезде сол заманның адамдарымен де сөйлестім. Солардың біреуі «Бекмаханов ісінің сот процесі басталысымен-ақ

Ғ. Мүсіреповтің «Қос шалқар» повестері бар. Кейінгі кезде І. Жансүгіровтің «Құлагер» дастанының екінші нұсқасы архивте сақталған дейді. Бірақ мен ол кісінің архивін түгел қарап шықтым, сақталмапты. Сол күйінше кетті. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1932 жылғы ашаршылықтан кейін қайтадан түзетіліп жазылған қолжазба нұсқасы сол күйі қайта басылмады, тәркіленіп кетті», – деді Тұрсын Жұртбай.

Алаштанушы 40-жылдардағы ең даулы үлкен мәселе ретінде 1943 жылы Кенесары туралы алғашқы арнайы кеңес өткізіп, бүкіл қазаққа салым жариялап құрасты-



ҚҰНДЫЛЫҚ

авторлық кітаптың барлығын құртып жібердік» деп айтып еді», – деді Жамбыл Артықбаев.



ОЙЫН ЖАҒЫМСЫЗ КЕЙІПКЕР АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗГЕН

Қабағы түйіліп, цензураның алды қатайып тұрған кезде арнайы цензуралық топтар, мекемелер ашылып, қызметін жандандырып тұрды. Алаштанушы, ғалым Тұрсын Жұртбай «қазақ даласында шығатын мұсылмандық кітаптарды қатан бақылаудан өткізетін топтар 1770 жылдың маңайында Қазанда, Петерборда пайда болған» дейді. Айтуынша, Иорганский мен Катанов цензуралық мекемеде істеген және олар өле-өлгенше цензурадан бас тартпаған. Соның нәтижесінде қаншама кітап басылмай қалды. Катановтың өзі шығарғысы келіп, бірақ амалсыздан жариялауға тыйым салынған кітаптарының тізімі Ахмет-Заки Валиди Тоганның «Хатиралар» ішінде бар.

«XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов түрмеге камалған кезде тартып алынып, сол күйі табылмай отырған Абайдың қолжазбалары бар. Әлихан түрме бастығына былай жазады: «Менде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қолжазба өлеңдер жинағы бар. Оны бес мың сомға бағалаймын. Соны жоғалтпауыңызды өтінемін». Бірақ ол қолжазба қайтып Әлекеңнің қолына тиген жоқ. «Қазақ» газетінің сандары ішінара үнемі қудалауға түсіп, баспаға шықпай немесе кешігіп шығып отырған. Сол 1905 жылдары Сейдалиннің «Автономия», Мұхамеджан Тынышбаевтың «Автономия және қазақ жерінің тағдыры» атты қолжазбалары цензура арқылы шықпай қалған. Менің білетінім, Кеңес тұсында, 1925 жылы цензуралық мекеме құрылып, соның Орталық комитеті оқу министрлігінің қаулысымен 40-50 кітапқа тоқтау салынған. Солардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты үлкен монографиялық еңбегі, Ж. Аймауытовтың Кеңес үкіметі келген кездегі күрестер туралы романы, Мұхтар Әуезовтің Абай туралы жазған қолжазбаларының бірінші, екінші томы,

рылған «Хан Кене» жинағын атады. Бұл жинақта бұрынғы дастандар, өлеңдер, халық ауыз сөздері, жекелеген ақындардың өлеңдері: Қ. Аманжоловтың, Қалижан Бекхожиннің дастаны бар. Олар сол күйінше тәркіленген. Осы сияқты үлкен тәркілеуден өтіп, 1951 жылы жанадан өзгеріп шыққан Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші кітабы. Бірінші кітап та өзгеріске ұшырады. Бірақ екінші кітапта образдар бір арнаға түскен, өзінің тарихи өмірлік тұрғысында бейнеленген тараулар мен бөлімдер тұтасымен алынып қалыпты. 1997 жылы М. Әуезовтің 100 жылдығы тұсында «Абай жолы» романының текстуралық аясын жасаған – Тұрсын Жұртбай мен Талғат Әкімбеков. Романда Әйгерім мен Ділданың, балаларының орындары ауысып кеткен жағдайлар аз емес. Мекемтас Мырзахметов «Авторлық цензура» деп аталатын мақаласын жазды. Сол мақалада Семейдегі Ақмешіт, оның қазақты шо-



Жалпы, кеңес тұсындағы шығармаларды оқимын деген, оның идеясын түсінемін деген оқырман сондағы жағымсыз кейіпкердің аузынан айтылатын сөздерді бағу керек. Сол жерде жазушының басты идеясы тұр.



қындыруы туралы пікірталастары түгелімен қысқарған. Сонымен қатар Мұхтар Әуезовтің «Қарағөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Кінәмшіл бойжеткен» сияқты әңгімелері дерліктей бұрынғы нұсқадан мүлдем өзгеріп, 1936 жылы қайтадан басылды. Оның өзі тағы да өзгерді. Сондықтан Әуезовтің осындай шығармаларының бұрынғы үзінділері қалғанымен, ең соңындағы көркемдік шешімдері өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, «Қаралы сұлу» адалдықтың қырдағы, өмірдегі қазақ әйелінің тазалығын көрсетсе, ол артынан көңілшек әйел болып шығады.

«Ал екінші бір шығарма – Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы. Сол романның екінші кітабының тең жартысы түгел басылымдарға кірмеген. Қысқарып кеткен. Бұл қысқарудың негізгі себептері – 1932 жылы ашаршылық пен 1937 жылғы қысым. Бердібек еңбектерінің бәрін туралығымен, адалдығымен жазды. «Қысқартсандар – қысқартындар. Маған өтірік жаз деп айттындар, өтірік жазбаймын!» деді. Соған ерегескендей болып «Ергежейлілер еліне саяхат» атты повесін фантастикалық мағына қылып берді. Ғажайып дүние. Кеңес үкіметінің барлық кемшілігі айтылған. Сол повеске бірде-бір сыншы

пікір айтпады, Бекең соған қатты мазасыз болып, біраз ішқұса болып жүрді. Жалпы, цензура Кеңес үкіметінің ең қырағы ой қарақшысы бола алды деп ойлаймын. Бұл қудаланған, цензурадан өтпей қайта жазылған еңбектер аз емес. Бірі – Сәбит Мұқановтың «Өмір мектептері» атты трилогиясы. Мен оның үш түрлі нұсқасын 40-жылдардың аяғында, 1956 жылы басылған, кейінгі 60-жылдары басылған нұсқаларын салыстырып шықтым. Тіпті, бір-біріне қарама-қарсы айтылған ойлар бар. Өзге өзге, Сәбит Мұқановтың өзі осындай цензураға түскенде өзге жазушыларының күні не болатынын құдай білсін. Сондықтан жалпы кеңес жазушылары, соның ішінде қазақ жазушылары өзінің айтатын деген ойын жағымсыз кейіпкерлердің аузына салған. Мысалы, «Абай жолындағы» Әзімханды, «Өмір мектебіндегі» Мағжанды жамандай отырып жақсылығын айтуы, Ғабит Мүсіреповтің «Қос шалқардағы» ең соңғы сөйлемдері, Бердібектің жалпы ашып айтатын тұстары сөзсіз қанауға ұшырады. Жалпы, кеңес тұсындағы шығармаларды оқимын деген, оның идеясын түсінемін деген оқырман сондағы жағымсыз кейіпкердің аузынан айтылатын сөздерді бағу керек. Сол жер-

нан өткен. Соның ішінде «Аза» деген дастан чили ақыны Пабло Нерудан «Тағдыр» деп өзгертілді. Қаншама ой, мысалы «Битлзды ирландықтарға қайтарындар» деген сияқты халықаралық тақырыптарға өзгертілді. Өйткені «қазақ жерін қазаққа қайтарындар, көгілдір конверт жеткізіндер, бізге бостандық керек» деген сөздерді солардың аузына салып өзгерттік. Марқұм редакторым Жүсіп Қыдыров осылай ақыл берді. Ал атом бомбасы сынақтары «Хиросима қасіреті» деген циклімен берілді. Ондағы аққаннан өлген қыз, шал, бомбаның жарылысы – менің 1969-1974 жылдардағы өзім ауылда көрген оқиғалар. Егер цензура болмаса, бұл сол кездің өзінде өз аттарымен кәдімгі басылатын шығармалар еді.

«Жер бесік» романында оқиға әкемнің 1932 жылы сотталуынан басталып, 1956 жылмен аяқталады. Сол романдағы оқиғаларды өзімнің ұстазым Рымғали Нұрғалиев қояр да қоймай, цензураға өткізбей, жеткізбей 1938 жылғы оқиғаны, 1916 жылғы Шәкәрімнің басынан кешкен оқиғаларын, 1937 жылғы Мағжанның толғаныстарын 20-жылдарға ауыстырды. Соның ішінде Мағжанның түрмеде жатқаны, айдалғаны кезіндегі оқиғаны редакторым Қаржаубай Айтолқын мен Мейрам Асылғазиннің, бас редактор Қуанышбай Құрманғалиевтің желеуімен өтті. Егер ол шығарма өз қалпында шығатын болса, онда ол 1932-1937 жылғы қасіретті камтитын шығарма болатын еді. Одан басқа «Беті тілінген тарғыл тастар» деген повесть осы күнге дейін жазылған жоқ. Ол Дегелең полигонындағы өзім көрген, білген атом бомбасы жарылыстары туралы болатын. Бомба сынағынан кейін әкем больницаға түсіп, жалғыз қалған шақтарымызды әсірелеп жеткізіп, оны «Көгілдір әлем» деген повеске жарылыс ретінде кіргіздім, – деді Т. Жұртбай.

Алаштанушының «Қар астындағы көбелек» атты хикаяттар жинағы бар. Автордың айтуынша, жинақтың «Ұш, маған, ұш балалығым» деген тарауында шегірткелер қаптайды. Осы бөлікті кеңес кезінде шегірткелер болған жоқ деп қысқартып тастайды. Ондай цензуралық қысқартулар өте көп болды.

Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

P.S.

Советтік цензура кез келген кітапқа (авторға) секемшіл, кінәмшіл, күдікшіл, күмәнді көзқараспен қарағаны сондай, мұқият қарап, лупамен тексеріп отырды. Артық-ауыс жазылған дүние болса, қағып тастап, яғни қиып тастауға қайшысын жалаңдатып дайын тұрғаны рас. Біз мұнда ондай шығармалардың тек бір парасын ғана айтып отырмыз. Ал біз білмейтін, зерттелмеген, зерделенбеген қанша дүние архивте, жазушылардың жеке қолжазба қорында қалып қойғаны анық. Тіпті, Алаш қайраткерлерінің шығармалары «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кеткені тағы бар. Осылайша, кешегі кеңестік кезең ақын-жазушының ой еркіндігіне шектеу қойды. Шектеу қою арқылы шығармасын тұсаулады. Тұсауға түскен сол бір туындыларға бүгінгі күн тұрғысынан баға берген ләзім. Біздің меңзеп отырғанымыз да осы еді.

Биыл Қазақстан Республикасында мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Мемлекет басшысы атқарушы билікпен бірлесе отырып, еліміздің әл-ауқатын көтеруге тиісті басқарушы институттың тағы бір тармағы қажет деп санап, өңірлерде мәслихаттарды құру туралы шешім қабылдаған болатын. Міне, бүгін тарихи бастамаға 30 жыл толды. Осы уақытта еліміздің дамуы мен өркендеуі барысында талай еңселі істің басында болған жергілікті өкілді органдардың маңызы зор.

Назгүл НАЗАРБЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Депутат болу — биік мансап емес, бұл — зор жауапкершілік және маңызды міндет», — деп атап өтті. Ал Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов: «Партиядан сайланған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының алғашқы республикалық форумында «Халықтың сенімі бізге күш береді. Сол сенімнің арқасында, өткен сайлауда Мәжілісте де, мәслихаттарда да басым дауысқа ие болдық», — деген болатын.

ЕЛ ІШІНДЕГІ КӨПТЕГЕН МӘСЕЛЕНІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАТЫЛДЫ

2023 жыл еліміздің саяси өмірінде елеулі оқиғалармен есте қалды. Мемлекет басшысы жариялаған конституциялық реформалардың жалғасы ретінде Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Осынау саяси науқанда «AMANAT» партиясы халықтың жоғары бағасына ие болды. Партиялық тізім бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына түскен 7 саяси партия ішінен «AMANAT» партиясы сайлаушылардың 53,90 пайыз дауысына ие болған еді. Түркістан облысынан партиямыз ұсынған 4 кандидат: Ерлан Абдиев, Қайрат Балабиев, Темір Қырықбаев,

Еңселі істің басында



Ұласбек Сәдібеков Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Сайлау науқанында «AMANAT» партиясы Түркістан облысы бойынша сайлаушылардың 56,9 пайыз дауысын жинады. Өңір бойынша барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының мандат саны 338 болса, соның 271 мандаты, яғни облыстық, аудандық, қалалық мәслихат депутаттарының 80,1 пайызы — «AMANAT» партиясының өкілдері.

Түркістан облыстық мәслихатында да жетекші партияның рөлі зор. Облыс бойынша мәслихаттарда 338 мандат болса, оның 272-ін «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттар иеленген. Партия атынан сайланған депутаттардың 254-і фракция мүшелері, 18-і мәслихат төрағалары. Оның ішінде: 33-і облыстық, 221-і аудандық, қалалық мәслихаттардағы фракция мүшелері. Фракция мүшелерінің 117-і Саяси кеңес мүшелері, 143-і Бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, 52-і Кеңестер мен партиялық бақылау комиссияларының төрағалары болып табылады.

Бүгінде Түркістан облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясының фракциясына Ал-

тынсары Үмбетәлиев жетекшілік етуде. Депутаттық корпус өкілдерінің жұмыс тиімділігі партия қабылдаған сайлауалды бағдарламаны іске асыру нәтижелерімен және сайлаушылар білдірген өтініштердің орындалуымен бағаланады.

Өткен жылдың соңында өңірде алғаш мәрте барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының форумы өткен болатын. Жиында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды өзі қатысып, «AMANAT» жетекші партия ретінде халық сеніміне ие болған ұйым екенін баса айтты. Басты міндет — тұрғындардың әлауқатын жақсартуда депутаттар мен жергілікті атқарушы органдар үйлесімді жұмыс жүргізсе, өңірдің дамуы серпінді болатынын атап өтті.

Мағынасы терен, мазмұны ерек жиынға партия атынан қатысқан депутаттар 4 панельдік сессия бойынша облыс әкімінің орынбасарларына, салалық басқарма және департамент басшыларына сайлаушылар білдірген ұсыныстарды тікелей жеткізуге мүмкіндік алды. Форум барысында айтылған 102 ұсыныстың орындалуы партия филиалының тұрақты бақылауына алынып,

облыс әкімдігінің салалық басқармаларымен бірлесе іске асырудың жолдары белгіленді.

ЖОЛ КАРТАСЫ ТАРМАҚТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ – ФРАКЦИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА

Ал биылғы жылдың басынан бері фракциялардың 53 отырысы өтіп, 81 мәселе қаралды. Өткізілген отырыстарда тиісті мемлекеттік органдарға 97 ұсыныс жолданды. Отырыстарда облыс, қала және аудан әкімдері орынбасарларының, басқарма, бөлім және мекеме басшыларының есептері тыңдалды. Күн тәртіптерінде сайлауалды бағдарлама Жол картасының орындалуы, облыстағы су тасқынының алдын алу, «Қарыссыз қоғам» партиялық жобасының жүзеге асырылуы, «Салық, бюджет, су, құрылыс кодекстері» мен мемлекеттік сатып алу сияқты маңызды заң жобаларын талқылау және заң жобаларына ұсыныстар беру, Заңнамалық актілерді жетілдіру мен Фракция қызметіне қатысты мәселелер қаралды.

«Жол картада 5 жылда 542 іс-шараның орындалуы жоспарланған. Түркістан облысындағы

фракция мүшелерінің барлығы, Жол картасы тармақтарына жауапты болып бекітіліп, оның орындалуы фракция мүшелерінің тұрақты бақылауында», — дейді «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Фракция мүшелері Жол карта аясында, облыс көлемінде құрылысы жүргізіліп жатқан нысандарға барып, құрылыстың сапасына, құрылыс жұмыстарының кестесіне мониторинг жүргізіп, ол туралы ақпарат таратып келеді. Сондай-ақ қазіргі таңда фракция мүшелерінен құрылған уақытша комиссия мүшелері, облыстағы медициналық ұйымдардың жұмысына зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Қорытындысы бойынша, облыстық партиялық бақылау комиссиясында, салалық басқарманың есебі тыңдалатын болады.

Сондай-ақ бекітілген Ережеге сәйкес, фракция мүшелері, 486 қабылдау өткізіп, 1 550 азаматтың мәселесін тыңдаған. Оның 851-і оң шешімін тапса, 669-ына заң аясында кеңес берілді. Бұған қоса, фракция мүшелері шалғай елді мекендерде 116 көшпелі қоғамдық қабылдаулар өткізіп, 681 адамды қабылдады. Оның 351-і оң шешімін тапса, 330-ына заң аясында кеңес берілді.

Бүгінге дейін сайлаушылардан келіп түскен мәслихат депутаттарының бақылауындағы 1 748 өтініштің 81 пайызы оң шешімін тапты, қалғандарының белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырылуы тұрақты қадағалауға алынған. Партиямыздың депутаттары есепті кезеңде, жергілікті атқарушы органдарға 309 депутаттық сауал жолдады. Оның 112-і оң шешімін тапса, 131 сауалға заң аясында түсіндірме берілген. Қалған 66-ы орындалу үстінде.

Түркістандық фракцияластар да қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен басталған, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында, өткізіліп жатқан сенбіліктердің бел ортасында жүр. Жалпы, фракция мүшелері партияның халыққа берген уәделерін орындау үшін белсенді жұмыс істеп жатқанын атап өткізіміз келеді.

Түркістан облысы

«Қазақстан-Қытай» магистральды газқұбырының «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Шымкент» ГТБ А және В желілері бойынша басқарылатын кран тораптары үшін 1 Ом аспайтын аспаптық жерге тұйықтау жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Қазақстан-Қытай» магистральды газқұбырының «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Шымкент» ГТБ А және В желілері бойынша басқарылатын кран тораптары үшін 1 Ом аспайтын аспаптық жерге тұйықтау жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, жалпы сомасы 347 202 891,00 тенге, ККС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстарын тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы 01 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 01 шілдеде, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-60.

Объявление о проведении закупки работ «Инструментальное заземление не более 1 Ом для управляемых крановых узлов по ниткам А и В УТГ «Шымкент» ТОО «Азиатский Газопровод» магистрального газопровода «Казахстан-Китай» способом открытого тендера ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке работ «Инструментальное заземление не более 1 Ом для управляемых крановых узлов по ниткам А и В УТГ «Шымкент» ТОО «Азиатский Газопровод» магистрального газопровода «Казахстан-Китай» (Количество лотов — 1, на общую сумму 347 202 891,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 01 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-60.

Адамзаттың арманы асқақ, үміті зор: «келер күнім кемел болса екен, арғы күн одан да биік, таңы жадырап атып, күнін бұлт шалмай, күліп тұрса екен» дейді. Бұл көбінде қарапайым бұқараның тілек-тілеуіндей көрінетіні және бар. Осымен күн кешіп, өмір өткізіп келеміз. Мұндай тірлікте құт мекен жері бар, көзге түртіп көрсетер рухани құндылығында кемдік жоқ, өнегесі өрісті, өрелі ұрпағы бүтін, тәуілі түзу шығатын жұрттар ғана алаңсыз болатыны ақиқат.

Тәубе дейік, бағалай алсақ, өзімізді жетегінде кетіп, жалған сөзбен желпінбесек, жат қылықтан тыйылсақ, әлгі өзіміздіктерді өзектен теуіп, ұлттық деген ұлы ұғымға ұйысақ, қазақ қапы қалмас еді. Бүгінгі қазақтың, кешегіден келген біздердің (кем-кетікті бір сәт естен шығарсақ) бақ-тәлейіміз тастан да зор екен десек, кім таласа қояды?! Неге десеңіз, амалы таусылып қорлыққа көніп, зорлыққа төтеп, осы күнді ансап кеткен бабаларымыздың «Кол-аяғым бұғауда, Тарылды байтақ кең жерім» (Жиембет жырау), «Дұшпаннан көрген қорлығым, Сары су болды жүректе» (Ақтамберді жырау) деген құсалы зарынан құтылып, құлдық сананың, құлқындылардың кесірі болмаса, «Біз – қазақ» дегенге тіл күрмелмейтін болды. Осы ұлы ұғымды ертеңгі ел иесі, болашақтың алтын арқауы болатын ұрпақ санасына қапысыз сіңіре алып жүрміз бе? Әлде сөз түзу, іс бұралаң ба?

Балаң ұрпақ арасында кездесе беретін «әттеген-айлар», қайырымсыздық пен қатыгездік әлгі сұрақтарды алға тарта береді. Оның себебін бүгін қалып, салдарын саңқылдап айта беретін болдық. Нәтижесі күнгірт қала береді. Ел болғанда бүгінгі алдыңғы толқын бабалар үлгісімен:

«Балаларыма өсиет,

Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айырылма,

Бірлікте бар қасиет» (Ақтамберді жырау), «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел-жұрт болуды ойлаңдар» (Майқы би), «Ұлым, саған айтайын өсиетін дананың: Білімдіні таны да, сонынан ер, қарағым» (М. Қашқари) деп толғаса, алаштық рухпен, таза ниетпен, өз мүддеміден оздырып, ұрпақ ала-құла болмасын деп, көз тіккендердің жанары жасаураған жері дарқан, халқы аздау жұртымыздың ұл-қызы бай баласы, кедей баласы секілді жетесіздік желкеден алмасын деп, «Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу – қазақ баласына міндет» (А. Байтұрсынұлы) дей алсақ, есеміз кім көрінгенге кетпес еді, жастар шетінен отаншыл болар еді.

Иә, отаншыл дегеннен шығады, Отаннан асқан биіктік, Отаннан ескан кие, күдірет жоқ болар. Халық даналығында «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» екен. Ал «Алтын анам – Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ деп, ер қайратына мін-дағы өрге бас» депті Мұхтар Әуезов, «Отан үшін отқа түс – күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Отанда опасызға орын жоқ» десе Бауыржан Момышұлы, «Екі Отан жоқ. Жалғыз Отан – мекенің!» дейді Мұқағали Мақатаев.

Отан деген ұлы ұғымды естігенде селт етпейтін, серпілмейтін кім бар екен? Сұрапыл соғыстардың бетін Отан сөзімен қаруланған қаһармандар қайтарғаны тарихтан мәлім. Оған Момышұлының жүрген жолы, семсер сөзі дәлел. Кешегі сұм саясаттың соқпағын салып, өшпестей болған кеңесіңіз Отан сөзін ту етіп көтерді. Көп жерде сонымен ұтқан болды. Бірақ өз Отанын аңсағандар оны тырапай асырып, жарылқайды деп капитализмге тізгін тартты. Нарық қарық қылады деді. Ол, шіркін, күшенген күштілерді балапандатып еді, қара қанаттанғанда арты күмәнді үстем олигарх бола қалды.

Дегенмен сол кеңес кезені жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл аударды. Өткеннің бәрін қоқыс дей бермей, қолға ілінген озығына «жан» бітірсе қайтер екен? Тәуелсіз елдің ұл-қызының рухын оятып, ертеңгі ел иесі сендерсіңдер деген озық ой аясында пайдалы шаралар ұйымдастырса да болатындай. Таяуда соның біріне куә



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТҚА СЫН

болғанымыз бар. Ол – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының орталығы, төрткүл дүниені тамсандырған, алтын адам табылған Есік қаласында «Қазақстан жас патриоттар академиясы» қоғамдық бірлестігінің ұйытқы болуымен, біраз жылдан бері өтіп келе жатқан отаншыл оқушылардың форумы еді. Бұл істің мақсаты қандай дегенге келсек, өскелең ұрпақтың патриоттық рухын ояту, яғни алда ұлылар сөзінде айтылған Отан ұғымын санаға сіңіріп, ойына орнықтыру, ұлттық құндылықтардың қасиетін танытып, зерделей білуге, өткен бабалар жолын бүгін жақсы тірлікпен ұштастыруға, білім мен тәрбиені қатар алып жүруге, мемлекеттік тілді, ділді түйсінуге, түйіп айтқанда, мемлекетшілдікке баулу.

Форумға Алматы, Қарағанды, Ұлытау, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу облыстарының өкілдері қатысып ой бөлісіп, тәжірибе алмасты. Салтанатты ашылу сәтінде білім мекемелерінің басшылары атқарылған іс, алда тұрған міндеттерге тоқталса, патриоттар академиясының іргетасын зейнетте жүріп қалаған, бүкіл саналы өмірін білім ісіне арнаған Тілдам Битуова тоғыз жылға таяу уақыттан бері ұлы дала ұрпақтарына қатыстырған игілікті жұмыс барлық өңірде жалғасын тауып келе жатқанын, отаншыл мектеп оқушылары саны 3,5 мыңнан асатынын, алдыңғылары жоғары оқу орынында білім алып жатқанын алға тартып, «Отаншылдық ұғымды әр баланың санасына мектеп партасынан сіңірсек, Ананды қалай сыйласаң, Отаныңды да солай құрметтеуге тиіссін» деген ұлттық идея арқылы жат қылықтан бойын аулақ салуға жетелесек, бір сөзбен айтқанда, әр азамат, әр қазақ, әрқайсымыз отаншыл болсақ, ұрпағымыз тура жолдан таймайды деген ол Алматы, Жетісу облыстарындағы қоғамдық бірлестіктің филиал басшысы Жанатгүл Бітімбаеваға жүйелі жұмысына ризашылығын білдірді. Ал қоғамдық бірлестіктің ірге тіктеуіне көп үлес қосқан Мұхитдин Төлепбай ұрпақ қамын алдымен ойлаған елде мұндай пайдалы жұмыстың аса қажеттігін атап, кеңес дәуірінде өзі «шекпенінен» шыққан ұйымдарды еске түсіріп, Қытайда 200 млн, Ресейде 16 млн жас өскінді біріктіретін қоғамдық орындардың барын айтып, Отанымыздағы барлық мектепте ел тануға, елге қорған болуға жетелейтін жас патриоттар бірлестігі болса екен деген ойын ортаға салды.

Генерал Абай Тасболатовтай рухты азамат қатысушыларға көгілдір экранда үн қатып, «әр бала Отан дегенде тік тұрып қызмет жасау парызым деуі тиіс» деді. Ел Қарулы Күштері, Ұлттық әскери-патриоттық орталығы бастығының орынбасары – филиал басшысы Ербол Игісінов патриоттық тәрбие арқылы жастарды белсенділікке ұмтылдыруға, ұлы Отанымыздың адал ұлдарының қатарына қосуға атсалысу ортақ

борыш екенін атап, «Жалпы, ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін басты орын – мектеп, отбасы. Одан кейінгі тәрбие ұстаздан, алдыңғы толқыннан, тіпті патриотизмді әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Бұрынғы аналарымыз ел ісінде ұлы күмілжесе, «сені құл болсын деп туғам жоқ, ұл деп тудым» деп қаһарына мінген. Алаш арыстары, Желтоқсан батырлары отаншылдықтың символы емес пе, біз сондай ардақтылар аманатына өзіміз ғана адал болып қана қоймай, сап түзеп тұрған өскін ұрпақты да балапандай баулуымыз керек. Ұлт батыры Бауыржан Момышұлы бабамыз: «Ежелден ел тірегі – ел тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деп еді. Біз соған сай Отанымызға тік тұрып қызмет етуге міндеттіміз» деді. Сол секілді қазақ елінің Ішкі істер министрлігі М. Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары Елнар Жақиянов, нағыз ел ұлшасы болуды мектептен бастау бойынша іс атқарып келе жатқан қоғамдық бірлестіктің жұмысына оң баға беріп, Ту көтеріп тұрған жас патриоттарға: «Сендер халқымыздың қаһарман батырлары секілді қазақ елінің рухы мықты, білімі терең Отанын шын сүйген нағыз азаматтары болуға тиіссіңдер!» деп ел сенімі ерге сын екенін жеткізді.

Семей, Шымкент, Жезқазған қалаларынан келген С. Түсіпов, Ш. Бейсембаева, Е. Серкебаев, ата-аналар атынан Ф. Махаметкерімова, өзге де ұл-қызға білім беріп, тәрбие үйретіп жүргендер қоғамдық ұйымның берер тағылымына тоқталып, өз тәжірибелерін ортаға салды. Әсіресе, Т. Молдағалиев атындағы Мәдениет ғимаратының салтанатын асырып, көк Туды желбіретіп, Әнұранды асқақтатқан көңілі таза, ниеті түзу, жалынды, отаншыл, әр тараптан жиналған оқушылардың қайындай тербелген қимылы, саңқылдаған үні, таспадай тартылған рухты сөзі жиылған жұртты ерекше әсерге бөледі. Іле ауданындағы №38 мектеп-гимназияның, Есік қаласындағы М. Ломоносов орта мектебінің «Жас сарбаз» сыныбы оқушылары көрсеткен көріністер Отанға деген шын сүйіспеншілікті дәйектеді. Соңында оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеуге үлес қосып жүрген әскери қызметкерлер марапатталып, үлгілі деп танылған бір топ оқушы Жас патриоттар академиясының қатарына қабылданып, оларға төсбелгілер тапсырылды.

Осы шарадан ұққанымыз, ұлттың тірегі, тынысы – толқын-толқын ұрпақ екені дау туғызбайды. Ұрпақ түзу жолға түссе, қилы-қилы сұмдықтар болмайды, шарадай бас шақшадай болмайды. Ол үшін мемлекеттік деңгейдегі осындай жұмылдырар ұйым болса ұтылмас едік. Иә, жоқ емес, бар. Басталуы дүрілдеп, соңы қожырайтын сәйкессіздіктен құтыла алмай келеміз. Осыдан келіп, қазір ұранға айналдырып алған

қорлық-зорлық, әлімжеттік етек алып бара жатқан жоқ па екен? Әлде тәрбие стандартының жүйесіздігінен бе? Білім мәселесі, білім стандарты жиі айтылады, тәрбие қалыс қала береді. Неге? Әлемдік дегенде таңдайымыздан шаң шығады. Әлемдік керек, көшіре салмай, жақсысын алсақ. Тәрбие жайы мәлім, халық педагогикасы ауызға алынбайтын болды. Халық педагогикасын әлгі әлемдікпен ұштастырып жаңартсақ, халықтық қалыпты орнықтырсақ, ұрпақ қанында, жанында бар адами қадір-қасиетті, ар-ұяты, жақсы мен жаманды, тыйымды түйсінер еді. Қанына, жанына үйлеспейтін қырсық қылықтардан аяғын тартар еді, қайырымсыздық, қатыгездік жойылар еді.

Халқы көптер неден қаймықсын? Атап өтіп, адымдап басып жүре береді. Жалпы, тәрбие ісін білім ісінен бөліп мысқал да қаға берісте қалдырмай, құстың қос қанатындай қатар қактырмаса, жаға ұстатар жайттар азаймақ емес. Әл-Фараби айтқан, тәрбиесіз білім құмға құйған су болмақ.

«Құдайдан соңғы күшті нәрсе – рәсім» дейді Ә. Бөкейханов. Рәсіміңіз халықтық қалып, ұлттық тәлім-тәрбие ғой. Ендеше бұл іс бір білек болмай, әлемнің шуақтысын ғана ұлттық үлгімен қабыстырмай, зердеден өткізбей тұспалмен ала берсек, өттеннен арылмаймыз. Ол балабақшадан, тіпті отбасынан басталып, барлық жерде қатаң қадағаланба, буын қатып, сүйекке сіңгеннен кейінгі жерде, үркітуден, қорқытудан, сарнап сөйлеуден те шықпайды. Кеш сермеген қол – өкінте де, өкірте де береді. Оның түрлі көрінісі үрейлендірумен келеді. Ертең қап деп қалмас үшін, баянды бастама, тіпті зорлық-зомбылыққа қатысты қабылданған заң секілді «бәрекелді» дегізер түзу құжат керек екені ақиқатқа айналып отыр.

Алда сабақ болар деп, отаншылдыққа қатысты жанкешті әрекет етіп жүрген қоғамдық бірлестіктің талпынысын термелеп жазып отырмыз. Қалай десек те, тәрбие стандарты Отанымыздағы барлық білім ұясына темірқазық болуға тиіс. Оның зерттелген, жетілдірілген, уақыт талабына жауап беретін жаңа бағдары жасалып, қабылданып жатса нұр үстіне нұр болмақ. Заман, нарық деп ала қойды бөлек қырыққандай түрлі мектепті көбейтіп, әсіресе бай-бағлан, шіренген шенеунік делінетіндердің ұл-қызын бөлектей беру қалай болар екен? Бұл ұлттан бұрын замандар сылтауратып, еркіміз бар деп екпіндеп, ұлт ұрпағын алалау, қарғадайынан бөлектеу емес пе? Абай дана:

«Әркімді заман сүйремей,

Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,

Заман оны илемек», – деп бекер айтпаған болар. Иленбесек екен.

Ана елдің білім жүйесімен, мына елдің білім тәсілімен оқытады екен деген білім ұялары жетеді. Ондағы тәрбие ісі не күйде? Онда шетелдік бағдар басым болып, отандық тәрбие стандарты жетімнің жайын бастан кешесе, ұлт жолы тарылды дей беріңіз. Сөветтен қалған, арыла алмай әлі жалпақтай беретін, шулап айтатын кейбір «кеселдер» сөзімізге дәйек. Оны ойлы жұрт біліп те, көріп те, естіп те жүр. Төлейтін ақшасы төбе-төбе «керемет» мектептерден шыққандар, шетелден білім алғандар, табаны тасқа тимей, қалы кілем басқандар сол ескі ізді алда жалғап кетуі ғажап емес. Кейбір нышандар байқалып та қалып жүр.

«Қазақ биін орыс судьясына аударамын дегеннің еш қисыны жоқ» (Ә. Бөкейханов) демекші, бір сәт ұлттық менталитетке ден қойсақ, қане. Қазаққа дәл қазір қара табан кедей адам емес, артына ұялмай қарайтын «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, халықтық мақсат сонда орындалады» (Ә. Бөкейханов) дейтін, сөзі мен ісінде алшақтық жоқ кемел адам керек болып тұр. Рухты оятып, жетектеп кете берсек, бұл ұлтқа қауіп әкелуі мүмкін. Ең қиыны, ұрпағымыз ұлт ісін, намысты естен шығарып, ұрыншақ, есірік мінез танытса, қыңыр тартса, өттеннің көкесі сонда болмақ. «Жігіттер күн болды ойланарлық...» демеп пе еді Шәкәрім. Ендеше ұлт ұрпағының тәрбиесіне ойланатын кез келді ме, әлде асып кетті ме?

Наурызбек САРША

Қазақстан құстарды қорғау мен сақтау барысында «Биологиялық алуандықты сақтау Конвенциясы», «Сулы-батпақты алқаптар туралы Рамсар конвенциясы», «Көшіп-қонып мекен ететін жануарларды сақтау Конвенциясы», «Жыртқыш құстарды сақтау келісімі», «Сүйріктұмсықты шалшықшы жөніндегі өзара түсіністік меморандумы» сияқты түрлі халықаралық құжаттарды ратификациялаған. Еліміздің аумағы арқылы құстардың небір көші өтеді. Жылына екі рет миллиондаған құс еліміздің алып аумағын мекен етеді. Кейбірі ұя салып, балапан өрбітсе, кейбірі айлақ ретінде ғана пайдаланады. Ресейдің Шығыс Еуропаға жататын бөлігінен, Батыс

Құстар – табиғат өркі, аспан елшілері, еркіндік символы. Адамзатқа келтіретін пайдасы да мол. Сондықтан қанаттыларды қорғау мен қамқор көрсету – адамзаттың міндеті. Әлем халқы құстарды қорғау мақсатында көптеген жобаларды іске асырып, көптеген заңдар қабылдады. Мысалы, құстарды қорғау мақсатында 1906 жылы 1 сәуірді – Халықаралық құстар күні ретінде белгілесе, 14 мамыр – Халықаралық жыл құстары күні боп аталып өтіледі. Бұл табиғат жанашырларының көңілін аулау үшін ғана күнтізбеге енгізе салған дата емес. Дүниежүзі экологтары мен орнитологтары осы күндері құстарды сақтауға және олардың сирек кездесетін түрін қорғауға шақырады. Ал елімізде қанша құс түрлері бар, оларды қорғау қай деңгейде?



Сібірден, Қазақстаннан жылы мекен іздеп ұшатын құстардың бір бөлігі Оңтүстік-шығыс Азияға, Шығыс Азияға, тіпті Африкаға дейін ұшады. Мамандардың мәліметі бойынша, Қазақстанның табиғат жанашырлары көктем сайын қуана қарсы алып, күз сайын кимай-кимай көзбен ұзататын жыл құстары әлемнің 63 еліне ортақ табиғи ресурс болып есептеледі екен.

Қазақстанда 21 отрядқа және 61 тұқымдасқа жататын құстың 500 түрі кездеседі. Оның 90 түрі отырықшы, 313-і қоныс аударатын, 68-і ұшып келетін, 29-ы ұшып өтетін құстар. Қазақстанның «Қызыл кітабына» құстардың он екі отрядының 57 өкілі кіреді. Мұндағы құстар далада да, шөлде де, орманда да, таудың бөктері мен биігінде, табиғи аймақтардың барлығында тіршілік етеді. Еліміздегі табиғи аймақтардың әралуандығының ерекшелігі – Қазақстан орнитофаунасында кокиказ, жорға дуадақ, кара бозторғай, бірқазан, қылаңтөс бұлдырық, орақтұмсық, жұмақ шыбыншы және басқа да таңғажайып құстар кездеседі, ал оларды табиғатта кездестіріп қалу – нағыз құс-сүйерлердің арманы.

Биоалуандықты сақтау қауымдастығы Қазақстанның құстарды қорғау одағымен бірлесіп проблемаларға назар аудару үшін жыл сайын «Жыл құсы» ақпараттық науқанын өткізеді. Мәселен, биыл жылдың құсы деп маубас жапалақ танылды. Қазақстандағы биоалуан-түрлілікті сақтау ассоциациясы (АСБК) мүшелері 2024 жылдың құсын анықтауда маубас жапалақ пен кара сайрақты қатар қойып дауыс бергенде алғашқысы 83%-бен озып шыққан.

«Жыл құсын» таңдау науқаны 2006 жылдан бері өткізіліп келе жатыр. Ең алғаш 2006 жылы тарғақ құсына сондай мәртебе берілсе, 2007 жылы – қарлығаш, 2008 жылы – тырна, 2009 жылы – кара бозторғай, 2010 жылы – қараторғай, 2011 жылы – шымшық, 2012 жылы – дала қыраны, 2013 жылы – шикылдақ қаз, 2014 жылы – ақбас үйрек, 2015 жылы – орақтұмсық, 2016 жылы – торғай, 2017 жылы – үкі, 2018 жылы – тоқылдақ, 2019 жылы – дуадақ, 2020 жылы – ителгі, 2021 жылы – бірқазан, 2022 жылы – бұлбұл, 2023 жылы көкқұс тандалыпты.

Мұндай тәжірибе шетелдерде кенінен танылған. Мәселен, Жаңа Зеландияда жыл құсын таңдау шарасына тұтас халық болып атсалысады

екен. АСБК мүшелері Қазақстандағы «Жыл құсы» акциясын барша азаматтың қолдауын құптайды.

ҚҰСТАР ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жуырда табиғат пен құсүйер қауым үшін сүйінші жаңалық болды. Қазақ орнитология ғылымының кітапханасы дерегі мол, мазмұны бай үлкен еңбекпен толықты. Астанадағы Nur Alem (ЭКСПО) павильонында алғашқы таныстырылымы өткен «Қазақстан құстары. Далалық анықтағыш» деп аталатын бұл кітап еліміздің аумағында кездесетін 500-ден астам құстың түрін түстеп, суретін беріп, толық сипаттамасын жүйелеп ұсынған. Барлық құстың қазақша атаулары түгенделіп, биотобы, таралу аймағы және басқа да көптеген мәліметі қамтылған. Кітап сонымен де аса құнды хәм маңызды.

Айта кетейік, кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы В.Рябицев, А.Ковшарь, В.Ковшарь, Н.Березовиков сынды ғалымдардың авторлығымен алғаш 2014 жылы жарық көрген. Енді міне, Қазақстанның биоалуандығын қорғау ассоциациясы «Шеврон» компаниясымен серіктестікте жүзеге асыратын Students for Nature жобасы аясында қазақ тіліне аударылып, бұрын кеткен кем-кеткітері ескеріліп, жарыққа шығып отыр. Анықтағышты қазақ тіліне аударғандар – кәсіпкіші зоологтар, қазақ тіліндегі зоология оқулықтарының авторлары Бірлікбай Есжанов пен Қылышбек Мұсабеков (өкінішке қарай, Қ.Мұсабеков таяуда о дүниелік болып кетті).

Кітап орнитологтер мен құстарға қызығатын адамдарға арналған: оны табиғатта кездестіріп қалған құстың түрін анықтау үшін қолдануға болады. Әрбір құстың тұсында бірнеше суреті, таралуының сызба-картасы мен түрді анықтау керек кезде мән беретін белгілердің сипаттамасы жазылған. АСБК Құстардың далалық анықтағышын университеттерге, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға (ЕКТА), мектептер мен кітапханаларға тегін беруге ниетті.

Жабық өткен тұсаукесер кешінде Қазақстандағы Ұлыбританияның елшісі Кэти Лич, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитетінің төрағасының орынбасары Андрей Ким, АСБК ғылыми директоры Сергей Склярченко, Шеврон компания-

сының әлеуметтік инвестиция жөніндегі кеңесшісі Лейла Айтмұханова мен түпнұсқа кітаптың құрастырушысы, орнитолог Виктория Ковшарьлар сөз сөйледі.

Бұл еңбекті Ұлыбританияның Қазақстандағы елшісі Кэти Лич те жоғары бағалады. «Кітап қазақ тілінде болғандықтан, сөздімі түгел қазақша айтатын» деген ол авторлар құрамы өте зор, аса қажырлы іс тындырғанын атап көрсетті. Ал «Шеврон» компаниясының әлеуметтік инвестициялар жөніндегі кеңесшісі Лейла Айтмұханова осындай үлкен жобаны жүзеге асырған әріптестерге алғысын жеткізді.

Расында да, бұл кітап бір жағынан орнитологтармен қатар, табиғат пен құстарды сүйетін, құс қарауды, құстар әлемін қызықтауды жақсы көретін барлық қазақстандық үшін таптырмас көмекші құрал болса, екінші жағынан көптеген құстың қолданыстағы кате, жаңсақ атауларын бір ізге түсіруге де септігін тигізбек.

Айта кетейік, іс-шараға кітап авторларының бірі, орнитолог Виктория Ковшарь, орнитолог АСБК қолданбалы биология орталығының директоры Сергей Склярченко мен басқа да ресми өкілдер қатысып, өз лебіздерін білдірді.

«Осындай тамаша кітаптың шығуына мұрындық болу – біз үшін үлкен мәртебе. 10 жыл бұрын шыққан орысша басылымның маңызы зор еді, бүгін шыққан басылымның да маңызы енді арта бермек. Орнитолог ретінде айтарым, Қазақстандағы құстар әлемі әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Кәсіби тұрғыда орнитологиямен айналысатын мамандар саусақпен санарлық. Сол себептен де адамдар ғалымдарға құстар туралы жаңа ақпарат алуға көмектесуі керек, бұл азамат ғылым деп аталады (ағылшынша – Citizen science). Ал қазақша басылған кітап бөдучерлердің көбеюіне септігін тигізеді. Қазақстанның аумағы өте үлкен, оған бірнеше Еуропа елдері сыйып кетер еді. Қазақстан құстарының тізімі жылдан-жылға артып жатыр. Жыл сайын қоныс аудару маусымында еліміз арқылы Қазақстанда тіркелмеген құстардың түрлері ұшып өтеді. Енді міне, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда жұмыс істейтін не соның маңында тұратын адамдар, оқушылар мен қазақша әдебиетке зәру боп келген біраз адам осы жұмысқа қосыла алады. Пайдасы да, маңызы да зор кітап шықты. Басылымды дайындаған барша адамға құтты болсын!» – дейді Сергей Склярченко.

Оған қоса, тұсаукесер кешінде National Geographic Qazaqstan ұйымдастырған «Қазақстан құстары» фотокөрмесі ашылды. Көрмеде Қазақстан орнитофаунасының әралуандығын суретке түсірген кәсіби фотографтардың жұмысы қойылды. Астана қаласының тұрғындары мен

қонақтары көрмеге келіп, еліміздегі фаунаның әсемдігі мен байлығын көріп, биологиялық әралуандықты сақтап қалу неліктен маңызды екенін біле алады.

«МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚАЖЕТТІ ҚОЛДАУ МЕН КӨНІЛ БӨЛІНУЕ ТИІС»

Жалпы, құстарды зерттейтін ғылым саласын орнитология десе, құстанушыларды орнитолог дейді. Осы ретте біз орнитолог Руслан Оразғалиевтан еліміздегі орнитология саласындағы мәселелер мен дамуы жайында сұрағамызды қойған едік. Оның айтуынша, елімізде әлі де мемлекет тарапынан бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінуіне –ге тиіс деп санайды.

«Қазақстанда орнитология ғылымы, басқа ғылымдар секілді, ерекше қолдауды қажет етеді. Біздің елде бұл саладағы жағдай күрделі күйде. Орнитологтардың зерттеу жұмыстарынан қажетті нәтижелер алу үшін мемлекет пен тиісті министрліктер тарапынан қажетті қолдау мен көңіл бөлінуге тиіс. Біріншіден, шетелде орнитология саласында қандай жұмыстар атқарылса, біздің қазақстандық мамандар да сол жұмыстарды жасай алады. Шетелдік мамандардың жүргізетін зерттеулерін отандық орнитологтер де жүргізе алады. Екінші мәселе – олардың зерттеулерінің нәтижелеріне мән беру. Шетелде ғалымдар мен мамандардың зерттеу нәтижелері мен деректеріне ерекше көңіл бөлінеді. Өкінішке қарай, Қазақстанда ғалымдардың айтқан пікірлері мен олардың зерттеу нәтижелеріне кейде көңіл аударылмай, ескерілмей жатады. Басты айырмашылық осында деп айтуға болады», – дейді ол.

Жалпы, экологтар мен Мәжіліс депутаттары құстар мәселесін бірнеше рет көтерген болатын. Мәселен, 2017 жылы Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлының әріптестері атынан сол кездегі Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевқа жолдаған сауалында елімізде аң мен құстың 300-ден астам түрі толық жойылуы мүмкін екенін айтып дабыл қаққан еді. «Қазақстан – аяулы мекеніміз. Елімізде табиғи байлық мол. Соның бір көрсеткіші – аң мен құстар. Осы уақытқа дейін олардың көбісі Қызыл кітапқа енгізілді. Мемлекет тарапынан қорғалатын табиғи қорықтардың көлемі 23 млн гектар аумақты, ал аңшылық шаруашылықтардың иелігіндегі аумақ 118 млн

гектарды құрайды», – деді сенатор. Оның айтуынша, қоршаған ортаны қорғау бағытында мемлекеттік бағдарламалар да баршылық. Алайда бұл мәселеде дабыл қағарлық жағдай көптеп орын алуда.

«Ресми мәліметке сүйенсек, жерімізде мекендейтін аң мен құстың 300-ден астам түрі толық жойылып кету қаупінің алдында тұр. 2015 жылмен салыстырғанда, 2016 жылдың көктемінде Қазақстандағы құстар саны 2 млн-ға кеміп кеткен. Осыған орай Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті 2017 жылғы 16 ақпан мен 14 маусым аралығында көктемгі аң-құс аулау маусымына тыйым салды. «Комитет шешімі дұрыс емес, жануарлар дүниесіне аңшылардың еш қиянаты жоқ» деп қаптаған аңшылық мақсаттағы шаруашылықтар ашық хат жазып, өре түрегелуде. Дерекке сүйенсек, соңғы бірнеше жыл көлемінде 300-дей аңшылық шаруашылығы құрылған екен. Пайда таппаса, осыншама шаруашылық құрылар ма еді?» – деді Мұрат Бақтиярұлы Үкімет басшысы атына жолдаған депутаттық сауалда.

Сонымен қатар соңғы уақытта ғаламшар эволюциясындағы антропогендік фактордың үлесі шарықтау шегіне жетіп, құс жолының бойында гибриді соғыс нүктелерінің көбейіп кетуі жыл құстарының да ұшып-қонуын қиындатып отырғанын айтып ғалымдар жиі дабыл қағуда. Аспаннан тыныштық кетсе, тіршілік біткеннің берекесі қашатынын Украинадағы соғыс айқын көрсетіп берді. Қақтығыс басталғанына 4 күн болғанда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ресми сайты Қара теңіз өңірінен Қазақстан аумағына бағытталған транзиттік әуе рейстерінің саны бір тәулікте 257-ге жеткенін жазды. Ұшақтың үйреншікті жолы жабылса, авионавигациялық жетек бар. Технологияның арқасында апатқа ұрындырмай, дегенге жеріне аман қондырады. Ал ғасырлар бойы бір ғана жолмен қатынап үйренген құстардың инстинкті технологиямен шендесе алмайтын анық. Таяу Шығыстағы тоқтаусыз соғыстар құстардың популяциясына зор шығын келтіріп жатқанын айтып, дабыл қағып жүрген ғалымдардың уайымы бекер емес деген сөз. Сондай-ақ ғалымдар 2021 жылы Таяу Шығыстағы ұрысқа байланысты елімізде қоныс аударатын құстардың 150 түрі жойылып кетуі мүмкін деп мәлімдеме жасаған еді. Себебі мезгілге қарай көшіп жүретін құстардың көші-қон жолы Сирия арқылы өтеді екен. Зерттеушілер құстардың қарулы қақтығыстар кезінде өлетінін хабарлап отыр. Осы себепті бұрын Қазақстанда қанатты құстардың алуан түрі болса, қазір тіпті бозторғай да сирек кездесетін көрінеді.

Түйін:
Құстар өсімдіктерді тозаңдандыруда, жәндіктердің санын реттеуде және ыдырауға ұшыраған өлекселерді жоюда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар олар – табиғаттың бір бөлшегі, аспанның көркі. Ендеше қанаттылардың қанаты талмай, табиғатты өсен әуенге бөлеп, көгімізде еркін шарықтауға жазсын.

Жаз басталмай жатып еліміздің оңтүстігі Түркістан облысының бірнеше ауданында шегіртке қаптап кетті. Бұл күнде өңірдің бес бірдей ауданында шырылдауықтар жайылымдарды жайпап, егістікті отап келеді деген түрлі фото-видео желіде тарады. Шаруалар зиянкестердің тездетіп көзін жоймаса, егістіктерден өнім алу мүмкін болмайтынын айтады.



Бердібек ҚАБАЙ

Әлеуметтік желіде Арыстағы үй аулалары мен егістік алқаптарын құмырскаша қаптаған шегіртке басып қалғаны жайында видеолар тарап жатыр. Тіпті, бақшалардағы жәндіктің көптігінен аяқ алып жүру мүмкін емес екенін көруге болады. Айтқандай, «шегіртке – халал» деп ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Елбек Тасболатұлы пәтуә жасапты-мыс. Бұл мәлімдемеден кейін шулаған жұрт істікке шегіртке түйреп кәуәп жасап жатқан көрінеді. Бұл қалжың болар, әрине. Дегенмен қазір қалжындайтын уақыт емес екені рас. Дикандар егіс алқаптарындағы өнімдерін қорғап әлек. Кейбіреулер от жағып, түтін түтетуде. Бірақ қаптаған қалың шегірткеге түтін сап бола ма, жоқ па ол жағы белгісіз. Ал егін мен еткен еңбегі за жетпейді қамын ойлаған дикандар, залалсыздандыратын дәрілерді өздері сатып алып, мотобүріккіштермен шашып жатқан көрінеді. Оңтүстіктегі ауыздықталмай отырған шегірткенің мәселесін айтып, Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин зиянкеске қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді.

Белгілі болғандай, қазір Түркістан облысында өңделген 270 мың гектардан бөлек, зиянкестердің тағы 50 мың гектардан астам аумаққа тарағаны анықталды. Түркістан облысының Арыс қаласында, Сарыағаш, Келес, Ордабасы және Шардара аудандарында қосымша өңдеу жұмыстары жүргізілуде екен. Облыс әкімдігінің хабарлауынша, алқаптарды өңдеуге 70 жүресті техникасымен қоса, 4 қосымша ұшақ тартылған. Қазір барлық қажетті техника көкөніс және бақша дақылдары айналасына шоғырланған.

Ең өкініштісі, сол шырылдауық шегіртке Түркістан облысында ғана емес, Ақтөбе және Қостанай облыстарына да қаптауда. Ақтөбе облысы әкімдігінің хабарлауынша, өңірде шегірткелермен күрес басталған. Мұнда да облыстың 12 ауданында 281 мың гектар жер өңделу үстінде екен. Аймақтағы шегірткелердің инкубациялық жерлерін анықтауға 600-ге жуық адам жұмылдырылған көрінеді. Ал Қостанай облысының бес ауданы бойынша барлығы 29,4 мың гектар аумақ химиялық өңдеуден өткізілуде деп хабарланды.

Айта кететін тағы бір дүние, осы жылы шегірткемен күресу үшін қазынадан 8 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат алдын ала шегіртке қаптап кетуі мүмкін деп болжанған 2,5 млн гектар алқапқа арнайы есептелген.

ШЫРЫЛДАУЫҚ

ШЕГІРТКЕ

КӨГАЛДЫ ҚҰРТТЫ

гөлайтпап...

«Бұған дейін шегірткенің таралу аумағы биылғыдай жойқын болған емес. Оның таралуының ықтимал салдарын бәріміз де ескермейміз, мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мемлекеттік инспекция комитетіне барлық процедуралық мәселелерді тез арада аяқтауды және барлық қажетті техниканы жіберуді тапсырамын. Осы шегірткеге қатысты аптасына екі рет штаб отырысын өткізетін боламыз», — деді отырыста Серік Жұманғарин.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров күні кеше Түркістан облысына жұмыс сапарымен барды. Мұнда ол шегірткелерге қарсы күрес пен шаруашылықтарды сақтау мақсатында министрлік тарапынан қабылданып жатқан шаралар туралы айтып дикандарды сабырға шақырды. «Биыл өңдеуге 2,5 млн гектар алқап жоспарланған, бұл соңғы

етеді екен. Бұл енді өте үлкен шығанаққа ұшырататын жағдай. Шындап күреспесе күллі ел не бидай, не көкөніс жинай алмайтын түрі бар. Ал біздің елде осы шегіртке тұқымдасының 100 ден аса түрі бар екені айтылуда.

«Шегірткенің өсу деңгейі әр 11 не 12 жылда қайталанып отырады. Биыл қайталану уақытына сәйкес



жылдары (2016 жылдан бастап) — химиялық өңдеудің ең кең аумағы болып саналады. Өткен 2023 жылмен салыстырғанда бұл 1 млн гектарға артық. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, біздегі өңделетін жер Орталық Азияның барлық елі өңдейтін аумақты қосқанда да көп болып тұр. Дегенмен тиісті шара қолданудамыз», — деп атап өтті Айдарбек Сапаров дикандармен кездесуде.

Қазақстан аумағында қаптап жатқан шегірткелерді ғалымдар үш топқа бөліп отыр. Олар — азия шегірткесі, италиялық шегіртке және марокко шегірткесі. Бұлардың ішінде ең қауіптісі марокко шегірткесі екен. Ол алдындағысын түгелімен талқандап, соңынан шаңы шыққан топырақ қана қалдырады. Шегірткенің бұл түрі жеңіл улау кезінде түгел жойылып кетпейтін көрінеді. Оңтүстіктегі дернәсілдің басым бөлігі осы марокко шегірткесі екені де айтылған еді жедел штаб отырысында.

Шегірткенің бір ғана аналығынан тараған үйір бір күнде екі қойға жететін жемді тып-типыл

келіп отыр. Аймақтарда, облыс орталықтары мен аудандарда орталық жедел штабтан бөлек қосымша штабтар жасақталған. Мұнда барлық мәлімет жиналып, жою бағытына қарай жоспар құрылып отырады. Шегірткенің қаптауы, әрине үлкен қиындық тудырады. Сондықтан кез келген түрғын не қожалық мамандары шегірткенің ошағын байқаған жағдайда дереу штабқа хабар беруі қажет. Енді қазір Түркістан облысы бойынша қажетінше барлық техника мен дәрі-дәрмек жеткізілді. Тек жұмысты дұрыс ұйымдастыру қажет», — дейді АШМ Мемлекеттік инспекция комитеті төрағасының орынбасары Мұхтар Алиев.

Еліміздің Ээкс-ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев өткен 2023-тің көктемінде «Қазақстан алқаптарында 2024 жылы шегіртке қаптайды.

Биыл осы процесс әбден шегіне жетті», — деп болжам жасаған. Не де болса, Қарашөкеев сәуегей екен. Айтқаны аумай келді. Дегенмен шегірткенің мұнша мол болатынын білсе де, кейінгілерге тапсырып үлгермей қалғанға ұқсайды. Енді ел үміті бүгінгі министрде болып тұр.

Ғалымдар әр шегіртке кем дегенде 100 жұмыртқа салады деп отыр. Жұмыртқа салып қана қоймай, оларды топырақ астына көміп, жасырып кетеді екен. Осылайша, топырақ беті жылына келе құртша жыбырлап шыға келеді. Оңтүстікте шегірткенің ошағы алғаш байқалған жер Түркістан облысына қарасты Байтоғай ауылы болып отыр. Осы ауылдың тұрғыны Сәрсенбай Тағаев көктемде жылқы іздеп жүріп шегірткенің құжынап жатқан жұмыртқаларын көргенін айтады. «Жылқы іздеймін деп ауыл сыртына шыққанмын. Кенет көзім жерде құрт сияқты жыбырлап жатқан, түсі қорғасын қара даққа түсті. Мындаған, тіпті миллиондаған құрт бығынап, қайнап жатыр екен. Денем түршігіп кетті. Осындай ұялар әр 50-100 кадам сайын кездеседі. Қарайған малыма жеткенше мұндай ұяның талайын көрдім. Бірақ не екенін білмедім», — дейді тұрғын.

Ал байтоғайлық дикан Нұркен Сейсенбек алты гектар жерге екен қарбызының түгі қалмайтынын айтып налиды. «Он күннен асты шегірткеден құтыла алмай отырмыз. Тек мен емес, ауылдың басындағы жағдай — осы. Ауылымызда барлығы 60 гектар қарбыз алқабы бар, осының 30 пайызын

жеп қойды. Ауыл әкімдігінен еш пайда болмай тұр. Енді шығын үстіне шығын жамап дәрілерді өзіміз сатып алып сеуіп жүрміз. 4 млн қарызым бар, күз келе қарызымды өтей алмай қаламын ба деген қорқыныш басым», — дейді дикан Нұркен Сейсенбек.

«Қазір облыс бойынша барлығы 271 мың гектар алқапта шегірткеден улау жұмыстары жүргізілді. Жер көлемі мен шегірткенің таралу аймағы жоспардағыдан едәуір үлкен болып кетті. Басты себеп ауа райының қолайсыздығы болып отыр. Биыл жауын көп, шөп қалын. Біз шегірткені дер кезінде улағанымызбен алқаптағы қалың шөп толық улануға мүрдат бермеді. Себебі улаушы сұйықтықтың дені шөп жапырақтарына тұнып топыраққа жетпей қалды. Одан бөлек, жаңбырдың молдығы да кедергі болуда. Бірақ қазір барлық шаруашылық бақылауда. Ондай бір үлкен мәселе туындап жатқан жоқ. Ал әлеуметтік желіде тарап жатқан бейнелердің кейбіреуі фэйк болып шықты. Тіпті, осыдан бірнеше жыл бұрынғы жазбаны желіге салып жібергендер де бар екен. Есеп бойынша барлығы бақылауда», — дейді Түркістан облыстық Аумақтық инспек-

ция басшысының орынбасары Бектас Музаппаров.

Мақаланы жазу барысында улау кезінде шегірткенің қырылып жатқанын көрсеткен жазбалар мен фото суреттерді де көзіміз шалды. Демек жұмыс қарқыны жаман емес деп тұйдік. Ал шегірткенің қаптауына кей жағдайда мамандардың салғырттығы себеп болады екен.

«Ақтөбе мен Қостанай облыстарында үйірлі италиялық шегірткелердің көбеюінің негізгі себебі алдыңғы жылдардағы құрғақшылық ерекше әсер етті. Құрғақшылық кезде шегіртке молынан жұмыртқалап, күбіршелерді көп салады. Бұл табиғи құбылыс. Сондықтан күзгі және көктемгі улау жұмыртқалар бойынша тексеру, болашақ генерацияға болжам жасау кезінде мұқият болу керек. АШМ қарасты «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжам беру орталығы» мамандары жұмысты дұрыс істеді және биыл барлық қауіпті орындар дер кезінде өңделді. Бірақ авто және пойыз жолдардың жиектері, орман алқаптарының маңы және өзге де елеусіз жерлер кейде назардан тыс қалып жатады. Шаруалар мен тұрғындар мұндай оқиғаларды байқаған кезде мамандарға жеткізуі қажет. Бізде немқұрайдылық басым. Әйтпесе, еліміз бойынша шегірткелерге өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін пестицидтер жеткілікті мөлшерде» — дейді биология және өсімдік қорғау саласының маманы, қауымдастырылған профессор Құрмет Байбүсенов.

Еңкең егін мен жинайтын өнімінен айырылған дикандарға өтемақы беру мәселесін шаруалар өзара айтып қана қойғаны болмаса, бүгінде мемлекет тарапынан бұл жағына мойын бұрылған жоқ. Тіпті, өтемақы бермесе де, қалған егінді аман алып қалуға ел болып күш салу қажет. Шегірткенің қаптауын 11-12 жылда қайталанатын құбылыс деп емес, жыл сайын ғалымдармен келісе отырып, улау тәсілін қолға алған абзал болмақ.



Жетісудың АГРОӨНЕРКӘСІПТЕГІ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Болат АБАҒАН

Астаналық делегация облыс әкімінің бастауымен бірінші кезекте Көксу ауданы Балық би ауылындағы «Тәуелсіздік» ЖШС-на барды. Серіктестік директоры Рахим Каримовтың айтуынша, сүт бағытындағы бұл ферманың жылдық қуаты 5 500 тонна өнім шығаруға қауқарлы. 10 жылға жылдық пайызы 2,5% болатын жеңілдік несие қарастырылған «Үлкен жоба» желісі бойынша көрсетілетін мемлекеттік қолдау арқасында ферманың іргесі кеңейе түскен. «Даниядан 136 бас сиыр әкелінді, күзде тағы да алып келеміз. Сөйтіп, мал басын 850-ге дейін жеткіземіз, соған сәйкес сүт өндіру көлемі де артады. Қазір бір тәулікте сауылатын жалпы сүт мөлшері 18 тонна, ал күзге қарай бұл көлемді 20 тоннаға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Негізінен, сүтті Талдықорғандағы «JLC Сүт» сүт зауытына өңдеуге тапсырамыз, — дейді ферма жетекшісі. «Жетісу» ӘКК-мен бірлесіп, 2018 жылы іске асырылған «400 бас ірі қараға арналған тауарлы сүт фермасын құру» жобасының құны — 1,3 млрд теңге. Мұнда бірқатар инновациялық технология енгізіліп, сиыр сауудың роботтандырылған жүйесі қолданылады.

Бұдан соң Вице-премьер «Хильниченко и К» сенім серіктестігіне қарасты қызылша алқабының басына барды. Бұл шаруашылық негізінен мал және өсімдік шаруашылығымен айналысады. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар, соя, қант қызылшасын егіп, ұсақ мал мен етті бағыттағы жылқы өсіреді. Қазір мұнда етті меринос қойларының саны 7 мыңнан, жылқы саны 500-ден асыпты. Сапалы өнім алу үшін ауыспалы егіс талаптары қатаң сақталады.

— Біз осы алқаптан әр гектарынан орта есеппен 830 центнерден өнім аламыз деп отырмыз. Ал шаруашылықтағы қант қызылшасының орташа өнімділігі гектарына 700 центнерді құрайды. Қызылшаны қалай күтіп-баптауды жақсы білеміз, ал заманауи агротехнологиялар мен мемлекеттік қолдаудың арқасында егіс алқаптарын көбейтіп қана қоймай, одан әрі өнімділікті арттыруға да баса назар аударып отырмыз, — деді А. Хильниченко.

Осы жерде облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев вице-премьерге өңірдегі ауыл шаруашылығының аяқ алысы туралы егжей-тегжейлі баяндады. Облыстың агроөнеркәсіптегі әлеуеті мен мүмкіндігін бес саусағындай білетін бірінші орынбасардың айтуынша, өңірдің ауыл шаруашылығы саласын қолдауға биыл 34,9 млрд теңге бөлінді, оның 23,2 млрд теңгесі субсидия. Былтыр ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,2% өсіммен 57,8 млрд теңгеге жеткен. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі алдын ала есеп бойынша 7,0 мың гектарға ұлғайып, 524,8 мың гектар болады. Егіс алқабын әртараптандыру нәтижесінде дәнді дақылдар 15,1 мың гектарға, картоп 0,9 мың гектарға қысқарып, басымды дақылдардың егіс көлемі жалпы 22,9 мың гектарға ұлғайды.

— Қант өндіру саласын дамыту бағытында 2026 жылға дейін қант қызылшасының егіс алқабын 15 мың гектарға немесе 3,6 есеге арттыру жоспарланған. Осы жылы қызылшаны 12,6 мың гек-

Ел дамуының өзекті мәселелері бойынша республикалық референдумдағы маңызды салалардың бірі ретінде халықтың әл-ауқатын арттыруға зор мән берілген болатын. Онда жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екеніне ерекше назар аударылып, агроөнеркәсіпті дамытудың, оның ішінде жер игерудің ел игілігін арттыруға ықпалы нақтыланған еді. Осы орайда сәрсенбінің сәтінде Жетісу жеріне арнайы жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің Серік Жұманғарин өңірдің бірқатар ауданын аралап, ауыл шаруашылығы нысандарының жұмысын өз көзімен көріп, егістік алқаптарында шаруа қожалықтарының жетекшілерімен жүздескенін айта кеткен жөн.



егістікте қолданылатын тыңайтқыштар, гербицидтер, пестицидтер, биологиялық қоспалар, түрлі техникасын ұсынатын компаниялардың өкілдерімен тілдесті. Сол сияқты «Ауыл аманаты» жобасымен мемлекеттен қолдау алып, жеке ісін бастаған кәсіпкерлермен әңгімелесті, олар шығаратын түрлі өнім қойылған көрмемен танысты. Шаруа қожалықтарының жетекшілерімен жүздесу барысында ауыл шаруа-



отыруымыз керек. Бұл — Мемлекет басшысының тапсырмасы. Оны жүзеге асыру үшін жыл сайын шамамен 400-500 млрд теңге қажет. Келесі жылдан бастап оған бөлінетін тиісті қаражат көлемін ұлғайтуды жоспарладық, — деді Серік Жұманғарин.

Шаруалардың сұрақтарына жауап берген вице-премьер қант қызылшасын, картоп пен жеміс-көкөніс дақылдарын өндіру мен жинауға арналған техниканы сатып алған жағдайда қай елде өндірілгеніне қарамастан, 25%-50% дейін субсидиялау түрінде қолдау қарастырылатынын атап өтті. Бұл ретте басқа дақылдар үшін тек өз елімізде құрастырылған және елде өндірілетін ауыл шаруашылығы техникасының ішінде баламасы жоқ техника ғана субсидияланады. Артық өнімді сату проблемаларына келетін болсақ, қазір экспорт көлемін, оның ішінде Қытайға да экспорттау көлемін ұлғайту мәселесі пысықталуда. Ол үшін шекаралас аймақтарда заманауи қоймалар салынып жатыр.

Вице-премьер Талдықорғанда «Жетісу» ӘКК желісі бойынша іске қосылған кө-

көніс қоймасының жұмысына назар салды. «Жетісу» ӘКК басқарма төрағасы Данияр Айқынбаевтың айтуынша, көкөніс қоймасын іске қосу жобасы ел Президентінің өңірге жұмыс сапары барысында берген тапсырмасының аясында қолға алынған.

— Жаңа көкөніс қоймасын салу үшін бізге 2 млрд теңге қажет болды. Сондықтан бюджет қара-

жатын тиімді пайдалану мақсатында алдымен мониторинг жүргіздік, қорыта келе бұрыннан бар қойманы жаңғыртқан тиімді деген шешімге келдік. Осы мақсатқа 360 млн теңге бағытталды. Жапондық құрал-жабдықтар сатып алынды. Қойма былтырғы жылдың қазан айында пайдалануға берілді. Мұнда бір уақытта 4,5 мың тонна көкөніс, жеміс-жидек сақтауға болады, — деді Д.Айқынбаев.

Өңірге жасаған жұмыс сапарын қорытындылаған Серік Жұманғарин Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерін, негізгі көрсеткіштер бойынша көшбасшылар қатарында екенін, сондай-ақ өңірдің қолайлы табиғи-климаттық жағдайлары мен ұйымдастыру жұмыстарының оң жүргізілгенін осындай нәтижелерге жеткізіп отырғанын атап өтті. Вице-премьер ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне табыс тілей отырып, мемлекет тарапынан қажетті қолдау көрсетілетінін, шаруа адамдары айтқан ұсыныстың барлығы қарастырылып, назарға алынатынын жеткізді.

Жетісу облысы



тарға септік. Былтыр Ақсу, Көсу қант зауыттарында 357 мың тонна өнім өңделді. Облыстағы қант өндірісі 63 мың тоннаға жеткізілді, соның ішінде Ақсу қант зауыты 10 мың тонна, Көксу қант зауыты 53 мың тонна қант шығарды, соның 27 мың тоннасы Көксу қант зауытында қамыс құрағынан өндірілді. Биыл 550 мың тонна тәтті түбір жинап, соның нәтижесінде 87 мың тонна қант өндіру көзделіп отыр, оның ішінде қант қызылшасынан 60 мың тонна, қамыс құрағынан 27 мың тонна өнім өндіреміз, — деп қант қызылшасын өсіру жайына тоқталған Әлібек Әскербекұлы шаруашылықтар 18,5 мың себу бірлігі болатын қант қызылшасы тұқымымен қамтылғанын да атап өтті. Мемлекеттік қолдау шаралары мен субсидиялау, пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару мен оларды қайта айналымға енгізу, ауыл шаруашылығы техникаларын жанарту, мал шаруашылығын, суару жүйелерін дамыту, ветеринария салаларын қолдау шаралары жайына да жан-жақты тоқталды.

Алқап басында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин ауыл шаруашылығында

шылығына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі, салаға жана технологиялар енгізу, еңбек өнімділігін арттыру туралы пікір алмасты.

— Біздің басты міндетіміз — бюджеттен бөлінетін қаражатты фермерлерге жеткізу. Қазір егіс алқаптарын ұлғайту үшін ылғал үнемдейтін технологияларды енгізуге көңіл бөліп жатырмыз. Сондықтан өз тарапымыздан қазіргі заманғы суармалы жабдықтарды сатып алу шығындарының 50%-ын субсидиялаймыз. Бүгінде елімізде де осындай жабдықтарды өндірушілер шығып жатыр. Сондай кәсіпорынның бірі жуырда Талдықорғанда ашылғанын қуантады. Жалпы, қызылша өндірісіне ерекше қолдау көрсетіліп отыр. Қазір қант қызылшасы ең табысты дақыл саналады. Әрине, қиындықсыз болмайды. Бірақ біз қолдау шараларын үзбей қабылдап келеміз. Міне, жаңа осы шаруашылықтың базасында заманауи озық ауыл шаруашылық техникаларын көрдік. Жалпы, ел бойынша жағдай басқаша, яғни техниканың тозуы 85-90%. Сондықтан жыл сайын техниканы 8-10%-ға жанартып



Қайта ашық тендер амалымен «Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметтері» сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметтері» сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1; жалпы сомасы 76 440 477,38 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 25 маусымда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 25 маусымда, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление о проведении закупки «Услуги оперативного центра информационной безопасности» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке «Услуги оперативного центра информационной безопасности». (Количество лотов – 1; общая сумма – 76 440 477,38 тенге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 25 июня 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 00 минут 25 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«СКС-1-дегі ГЕТ-ке техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКС-1-дегі ГЕТ-ке техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, жалпы сомасы – 59 199 223,04 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 25 маусымда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 25 маусымда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание УУГ на СКС-1»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание УУГ на СКС-1». (Количество лотов – 1; на общую сумму – 59 199 223,04 тенге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 25 июня 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 25 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Серверлік аппараттық құралдарды техникалық қолдау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Серверлік аппараттық құралдарды техникалық қолдау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Техническая поддержка серверного оборудования»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Техническая поддержка серверного оборудования» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«Ақпараттық жүйелерді техникалық сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Ақпараттық жүйелерді техникалық сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Техническое сопровождение информационных систем»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Техническое сопровождение информационных систем» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Ашық тендер амалымен «GE газ компрессорлық қондырғыларына арналған ауа сүзгісі» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «GE газ компрессорлық қондырғыларына арналған ауа сүзгісі» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 6, жалпы сомасы 845 280 486,00 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 01 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 01 шілдеде, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление о проведении закупки товара «Фильтр воздушный для ГПА GE» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товара «Фильтр воздушный для ГПА GE». (Количество лотов – 6, на общую сумму 845 280 486,00 тенге без учета НДС).

Перечень товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 01 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.



КӨПТЕН КҮТКЕН КЕЗДЕСУ

Иә, Еуромайданда 24 команда бақ сынады. Оның ішінде 20 құрама іріктеу кезеңінен тікелей жолдама алды. Қосымша іріктеу арқылы үш құрама қосылды. Германия болса алаң қожайыны ретінде талассыз тізімге енді. Осылайша, аталған командалар алты топқа бөлінді. Әрқайсысында төрт құрамадан бар. Ереже бойынша әр топтағы төрт команда өзара ойын өткізеді. Жеңіске жетсе үш ұпай, тең ойнаса бір ұпайға ие болады. Яғни, 1/8 финалға тобында бірінші және екінші орын алған 12 құрама жолдама алады. Оған қоса, үшінші орын алған үздік төрт команданың да 1/8-ге өтуге мүмкіндігі бар. Дода әрі қарай ширек финал,

ТОСЫНСЫЙҒА ТОЛЫ ТУРНИР

14 маусым күні Мюнхен қаласында бір айға жалғасатын футбол тойы басталды. Яғни, жазғы футбол вабы қайта оралды. Есте болса, 2022 жылы әлем чемпионаты Катарда өткен еді. Қыста ұйымдастырғаннан кейін бе, жанкүйердің де тосылып қалғаны бар. Неліктен екі бөлек чемпионатты салыстырып отыр дерсіз. Біз емес Мбаппе Еуропа чемпионатының әлем біріншілігінен де қуатты турнир екенін айтқан-ды. Ендеше кәрі құрлық алыптары жүлдеге таласатын дода туралы аз-кем баяндайық.



А тобы: Германия, Шотландия, Венгрия, Швейцария.
В тобы: Испания, Италия, Хорватия, Албания.
С тобы: Англия, Дания, Сербия, Словения.
Д тобы: Франция, Нидерланд, Аустрия, Польша.
Е тобы: Бельгия, Украина, Румыния, Словакия.
Ғ тобы: Португалия, Чехия, Түркия, Грузия.

жартылай финал мен шешуші кезеңге жалғасады. Финал 14 шілдеде Берлинде өтеді.

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН ҚҰРАМА

Ал «шақырту» алғандардың ішінде ерегі — Грузия. Олар Еуропа чемпионатына алғаш рет қатысып отыр. Кавказ елдері ішінен суырылып шыққан олар тастүйін дайындықпен келеді-ақ. Өйткені өткен Еуропа біріншілігіне қатысу мүмкіндігін уыстан шығарып алған-ды. 2020 жылы іріктеу кезеңінде Солтүстік Македониядан жеңіліп, еурожорықтан кейін шегінді. Араға төрт жыл салып, реванш алып, дегеніне жетті. Иә, Қазақстан құрамасы ойсырай ұтылған Грекияны жеңіп, пенальти сериясын мүлтіксіз орындады. Бастапқыда сарапшылар Грекияны фаворит санаған еді. Грузия болса, тау халқының рухын көрсетті ме, Мюнхенге жол тартқан жолаушылар пойызына соңғы болып секіріп мінді. Әрине, бұған Франция, Италия, Испания,



Англия сынды чемпионаттарда доп тепкен сайыпқырандарының көмегі тигені хақ. Яғни, футбол сарапшысы Ермұхамед Мәулен айтқандай, шетел чемпионаттарында доп тебетін футболшылар көбейген сайын ұлттық құраманың денгейі көтеріледі.

Грузиядан бөлек, сербтер де чемпионаттағы тұсауын кеседі. Іріктеу кезеңінде Болгариямен тең ойнаған оларға Венгрия үміт сыйлағаны есімізде. Дәлірек айтсақ, Венгрия Черногориядан басып түсіп, сәйкесінше ұпай айырмасымен Сербия Еурододаға жолдама алды. Сербтер тек топтық кезеңде ойнап қана қоймай, әріге дейін шабуға мүмкіндігі бар тәрізді. Өйткені мамандар Англия мен Сербияның С тобында фаворит ретінде

бағалайды. Фавориттер жайын кейінірек талқыласақ. Оған дейін бағы жанған бір-екі командаға тоқталайық. Тарқатып айтсақ, Украина да Мюнхенге «тікелей» келмей, ұлттар лигасының плей-офф кезеңі арқылы жолдама алды. Босния және Герцаговинаны, Исландияны да жеңіліп жатып, қапы қалдырды. Осылайша, Сергей Ребров баптайтын құрама футбол әлеміндегі ірі турнирден шет қалған жоқ. Лунин, Зинченко, Мудрик сияқты беделді ойыншылары бар құрама тосылмауды құп көріп отыр.

КІМНІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ?

Кезек бойынша маңызды сұрақтың жауабын іздеп көрелік. Кәрі құрлықтың тартысты бәйгесінде кімнің айы онынан туады? Бұған дейін спорт сарапшылары, букмекерлер мен жасанды интеллект осы сұраққа жауап іздеп көрді. Түрлі спорт додасына болжам жасайтын Орта Analytics компаниясы Англия құрамасын жеңіске жетеді деп отыр. Одан бөлек, үздік бестікте Франция, Германия, Испания мен Португалия құрамасы бар. Спорт

сарапшыларының да ойы осы тізімге сәйкес келеді.

Айталық, Англия үшін бұл таптырмас мүмкіндік әрі кеткен есені қайтару кезеңі. Есте болса, 2021 жылы Еуропа біріншілігінің финалында бұл құрама Италияға есе жіберген еді. Одан бұрын өткен чемпионатында да (2018 ж) төртінші орын алып бармақ тістеп қалғаны бар. 2022 жылы Катарда да сәттілік ағылшындардың жағына шықпады. Әйтпегенде, мықты ойыншылар бас қосқан менмұндалап тұрған құрама екеніне сөз жоқ. Биыл да бес қаруын сайлап келіп тұр. Оның үстіне, Англия Еуропа чемпионатында топ жарып көрген емес.

Егер сарапшылардың айтқаны дәл келсе, триумф болмақ. Гарет Саутгейт баптайтын құрама Джуд Беллингем, Харри Кейн, Фил Фолден, Букайо Сака, Кайл Уокер сияқты саңлақтар бар. Әрине, Тренд Александр-Арнольд пен «Челсиды» «аркалап» жүрген Коул Палмерді де есепке алған жөн. Жұлдызды ойыншылар тізіліп тұрған командада негізгі құрамды бекіту қиын болғаны анық. Өйткені Саутгейт Грилиш пен Рэшфордты қатарға қосқан жоқ. Бұл құрама С тобында Дания, Сербия, Словениямен бірге бақ сынаиды.

Одан кейінгі үміткер — Франция. Дидье Дешам баптайтын «суперқұрам» Мюнхенге босқа келмегені түсінікті. Олар кейінгі екі әлем чемпионатында финалда ойнады. 2018 жылы футболдан әлем чемпионы атанса, 2022 жылы финалда Аргентинаға жол берді. Бұл құрамның осынша жетістікке жететіндей қандай сикеры бар дерсіз. Мәселе сонда, командада бапкер кез келген позицияда ойыншы жоғалтамын деп бас қатырмайды. Яғни, бірі жаракат алса, «сен тұр, мен атайын» дейтін футболшы дайын тұрады. Бір ғана шабуылда Гризманды, Дембеле,

Жиру, Мбаппе кезек күтіп тұрады. Сол сияқты кез келген позицияда бәсеке бар. Ал бәсеке бар жерде өзін көрсеткісі келетін амбиция да қатар жүретінін ұмытпайық. Есте болса, 2016 жылы Франция Еуропа чемпионатының финалында Португалияға жол берген. Пайет пен Гризманды дуэтінің асқан шеберлігін көрген едік. Осы жолы Дешам шәкірттері Берлинге дейін жете ала ма екен?

Сарапшылар турнирдің Сүздік үштігін Германия құрамасымен түйіндеп отыр. Құрамында Пондоған мен Кроос сияқты әккі ойыншысы бар команда трофейден дәмелі. Немістер де өз алаңындағы бәйгеде өзгенің жеңіске жеткенін қаламасы анық. Жамал Мусиала, Флориан Вирц сияқты жас сайыпқырандары тағы бар. Бапкер Нагельсманн да екеуіне иек артатыны көрініп-ақ тұрады. Нойер мен Киммих сияқты «камал» барын да ұмытпайық. Жалпы, құрамның тәжірибелі әрі үздік екені даусыз. Бірақ үздіктің бәрі мүлтіксіз ойнайды деп кім айтты? Кейінгі турнирлерде Германия құрамасының сыр беріп жүргенін көз көрді. Өз алаңында ойнаудың да қиындығы жоқ емес. Сондықтан Германия құрамасы туралы екіұдай пікір бар.

Сонымен үздіктер қатарында Испания мен Португалия да бар. Екеуін салыстырар болсақ, қазір Португалия құрамасының салмағы басып тұрғандай. Мұнда да Франция құрамасындағыдай қай позицияда болсын бәсеке қызып тұр. Әрине, Дешамдыкі сияқты жұлдызқұрам емес, десе де алаңда ақ тер, көк тер болуға дайын. Оның үстіне 2016 жылғы Еуропа чемпиондары деген атағы тағы бар. Роналду, Силва, Витинья, Мендеш сияқты футболшылары сақдай сай тұр. Ал Испанияның жас буыны кәрі құрлықтағы тісқакқан ойыншыларға төтеп бере ала ма?

Қорыта айтқанда, осыған дейін Испания, Италия, Франция өз алаңында өткен Еуропа біріншілігінде топ жарған. Егер Германияның кубокқа қолы жетсе, тізім жаңарады. Англияның мерейі үстем болса, турнир тарихындағы алғашқы алтынына қолы жетеді. Жоғарыдағы бестікке назар аударсақ, Франция, Испания, Португалия кезекті рет жеңімпаз атануы мүмкін. Әрине, бұл болжам ғана. Жеңістің кімнің жағына шығары белгісіз. Бастысы жанкүйерлерге естен кетпес әсер сыйлағаны керек. Берлинде қай елдің жалауы желбірейтінін 14 шілде күні білеміз. Қазірше миллиондарды біріктіретін ойындарды өткізіп алмайық. Бір ай жалғасатын футбол фестивалінен қапы қалмайық, жанкүйер!

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС
Директор —
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4460
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.